Ай сайын шығатын республикалық әдістемелік журнал
Ежемесячный республиканский методический журнал

№6 2010

ISSN 1819-2564

# МЕКТЕПТЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

ТЕХНОЛОГИЯ

ЖҮСІПОВА Тұрсынкүл Әбутәліпқызы
ҚР-ның оқу ісінің үздігі, №167 мектептің
технология пәнінің мұғалімі, Алматы қаласы

ТЕХНОЛОГИЯ - ШЕБЕРЛІК, ІСКЕРЛІК, БІЛГІРЛІК МЕКТЕБІ
ТЕХНОЛОГИЯ - ШКОЛА МАСТЕРСТВА, ИСКУССТВА И УМЕНИЯ

МҰҚЫШҚЫЗЫ Гүлбаршын, технология пәнінің мұғалімі
Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжан кенті

АБДРАХМАНОВА Алмагүл Хамаридденқызы,
технология пәнінің мұғалімі,
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 3 шілдеде есепке тіркелді. №3069-Ж куәлігі берілген.
Журнал поставлен на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №3069-Ж от 3 июля 2002 года.

АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

# МЕКТЕПТЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ в ШКОЛЕ

ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Ақылдастар алқасы Редакционный совет
Б.А. Әлмұхамбетов – педагогика ғылымының докторы
Л.А. Вильданова - Теміртау қаласындағы №27 орта мектептің технология пәнінің жоғарғы санатты мұғалімі
К.А. Дүйсенбаев – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
М.М. Жалелов – Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтының технология білім саласының бас маманы
Н.С. Зұрманғалиева – Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің жоғарғы санатты технология пәні әдіскер-оқытушысы
Б. Қалназаров – ҚР білім беру ісінің үздігі
К.Ө. Өстеміров – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Ж. Пшукова – Алматы қаласының №93 жалпы білім беретін мектептің технология пәні мұғалімі
Д.И. Үркінбаева – Алматы идустриалды-педагогикалық академиясының «Кәсіптік педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі
Н.Р. Шаметов – Алматы индустриалды-педагогикалық академиясының ректоры
*Бас редакторы* – **Әбиева Фарида Бейбітқызы**
8 7016770738
*Редакцияның телефоны* – **8 727 397 73 64**

Құрылтайшысы:
**«НҰР» өндірістік – мәдени дизайн орталығы ЖШС**
Учредитель: **ТОО ПКДЦ «НҰР»**
*Көшіріп басуда **«Мектептегі технология. Технология в школе»** журналына сілтеме жасаңыз. Редакция жарнамалық материалдардың мазмұны мен дұрыстығына жауап бермейді, қолжазба мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.*

**Редакцияға арналған хаттар мен мақаланы мына адреске жолдаңыздар:**
***050010, Алматы қаласы 010, абонент жәшігі №62 «Мектептегі технология. Технология в школе» журналының редакциясына***
***E-mail:*** tehnokaz@rambler.ru
*Меншік иесі **«НҰР» өндірістік – мәдени дизайн орталығы ЖШС***

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
Алматы қаласы, Л. Хамиди көшесі (М.Мақатаев көшесімен қиылысында)
4 "А" 2-қабат, 8-бөлме

2003 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 2003 ГОДА

**№6**
МАУСЫМ - ИЮНЬ

БҰЛ САНДА:

**М.Ж. АСАНҰЛЫ** Ата-баба мұрасын дамытамыз десек ... 3
**Е. ЖАРЫЛҒАСЫНОВ** Оқушыларды дәстүрлі сәндік қолөнерінің түрлерімен таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу ... 4
**Ө.С. САТТАРОВА, Л. БЕЙСЕМБЕКОВА** Ою-өрнек ... 5
**Г. МҰҚЫШҚЫЗЫ** "Ою-өрнек сыр шертеді" ... 9
**Н.С. ОРАЛБАЕВА** Қазақтың ұлттық киімі – қамзол ... 10
**Ж.Қ. ТӨЛЕУБЕКОВА** Қамзолдың жиегін оқалап тігу жұмысы ... 11
**Ж.Н. АРЗЫКУЛОВА** Ұлттық ою-өрнекпен бұйымдарды өшекейлеу ... 12
**К.Б. МАРАКУЛОВА** Халықтың дәстүрлі өнері ою-өрнек салып үйренейік ... 13
**Б.Д. МҰСАБЕКОВА** Көркем еңбек ... 15
**Т.Ә. ЖҮСІПОВА** Екі жақтама шым кесте тігу ... 17
**Ж.У. АЛИМБЕКОВА** Машинатану ... 18
**Д.Ж. ШАҒЫРОВА** Жапсырма қалтаны өңдеу ... 20
**Ж.С. ИМАНҒАЛИЕВА** 6-7 сыныптарға арналып жасалған «Тағам даярлау технологиясы» және «Қолөнер, тігін бұйымдарын модельдеу» бөлімдері бойынша тест тапсырмалары ... 22
**Б.Ғ. АЛТЫБАЕВ** Мерекелік және фуршет дастарқанын жасақтау ... 25
**Ж.А. ҚҰСАИНОВА** Мамандық таңдау – маңызды іс ... 26
**А.Х. АБДРАХМАНОВА** 'Мамандығым – мақтанышым' ... 26
**А.Қ. ҚЫЗЫЛҒҰЛ** Табиғи материалдардан бұйымдар дайындау ... 28
**Ө. КЕНЖЕБАЕВ** Бәйтерек – еліміздің мақтанышы ... 30
**С. ШЕБЕКОВ** Мамандық таңдау ... 31
**А. АУБАКИРОВ** Құранды ер ... 32
**Т. ҚАЗИЕВ, Б. МЫРЗАЕВ** Электр кепісін жасау ... 33
**Л. ЗАИТҚАЛИҰЛЫ** Технология пәні мұғалімдеріне пайдалы кеңестер ... 34
**С. ҚАЛЫҒҰЛ** Сәндік қолданбалы өнер ... 35
**Г.Ә. АБЕЛМАНОВА** Жалақы және оның түрлері ... 36

В НОМЕРЕ:

**Г.К. МУСИНА** Роль практики в профессиональной подготовке специалистов индустрии сервиса ... 39
**З.Д. БЕКБАЕВА** Творческое и эстетическое развитие учащихся и привитие практических навыков и умений на уроках технологии ... 41
**Н.Б. МИРОШХИНА** Бутерброды. Продукты для приготовления бутербродов ... 42
**ПОНОМАРЕВА** Вышивание салфетки. Технология выполнения тамбурного шва ... 44
**Н.А. ХЕН** Цветы в нашей жизни. Искусство составления букета ... 45
**Т.П. ЛЯШЕНКО** О работе школьного творческого кружка в Актюбинской областной специальной (коррекционной) школе-интернате для детей с нарушением слуха ... 47
**С.А. ОМАРКУЛОВА** Подарок к празднику ... 48
**Г.С. НАДИРБЕКОВ** Программа прикладного курса «СЕЛЬСКИЙ МЕХАНИЗАТОР» для учашихся 11-12 классов общеобразовательной школы ... 48
**Н.А. УМБЕТБЕКОВ** Изготовление изделий из сортового проката металлов с применением основных слесарных операций изготовление вешалки для одежды ... 54
**Н.М. СУЛТАНОВА** "Рельефная скульптура" ... 55

# ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

**БАСПАСӨЗГЕ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР**

1. Журналға басуға арналған материалдар өзекті, сауатты жазылуы тиіс, қолданылған әдебиеттер міндетті түрде көрсетілуі және әдістемелік материалдың қай сыныпқа арналғаны жазылуы тиіс;
2. Міндетті түрде журналға жазылу қажет, квитанцияның көшірмесі жіберілу қажет;
3. Материал компьютерде теріліп, дискке жазылған болуы керек және қағаздағы нұсқасы қоса болуы шарт;
4. Материалдың көлемі 3 беттен кем болмай, 8 беттен аспауы тиіс (шрифтің көлемі – 12), материал Microsoft Word 2003 текстік редактор мәтінінде теріліп сақталуы қажет;
5. Мұқабаға арналған фотосуреттер арнайы фотоаппаратта түсірілуі қажет, ұялы телефон арқылы түсірілген фотосурет, көшірме сурет жарамайды;
6. Автор туралы мәлімет толық жазылып, байланыс телефоны көрсетілуі керек;
7. Материалды егер пошта бөлімшесі арқылы жолдайтын болсаңыздар мына мекенжайға жолдаңыздар: 050010, Алматы қаласы, абонент жәшігі №62 «Мектептегі технология» журналына;
8. Ал интернет арқылы материал салсаңыздар, материалды жіберген соң редакцияға хабарласу қажет (себебі кейбір жағдайда келген материал ашылмай қалады). e-mail: tehnokaz@rambler.ru

**ЖУРНАЛДАРҒА ЖАЗЫЛУДЫ**
**КАЗПОЧТА, ЕВРАЗИЯ-ПРЕСС, ЭВРИКА-ПРЕСС МЕКЕМЕЛЕРІ ЖҮРГІЗЕДІ.**

# УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

**ИДЕТ ПОДПИСКА НА ВТОРОЕ ПОЛУГОДИЕ**

1. Предоставляемые материалы должны быть грамотно написаны, с указанием используемой литературы, а также класс в котором был проведен урок;
2. В обязательном порядке должны предоставляться копии квитанций о подписке;
3. Материал должен быть набран и отпечатан на компьютере, в бумажном варианте и на диске;
4. Размер материала от 3 до 8 страниц, шрифт – 12, материал должен быть набран и сохранен в текстовом редакторе Microsoft Word 2003;
5. Фотографии должны быть четкими, ясными, с сотовых телефонов и копии фотографий не принимаются;
6. Материал направлять через почтовые отделения по следующему адресу: 050010, г. Алматы, а/я №62, журнал "Технология в школе";
7. Через интернет: e-mail: tehnokaz@rambler.ru
(После отправления материала необходимо связаться с редакцией для уточнения доставки);
8. Об авторе должны предоставляться точные и полные данные с указанием контактных телефонов.

**ПОДПИСКА ПРОИЗВОДИТСЯ ЧЕРЕЗ ОРГАНИЗАЦИИ**
**КАЗПОЧТА, ЕВРАЗИЯ-ПРЕСС, ЭВРИКА-ПРЕСС**

Маханбет Жәнібек АСАНҰЛЫ,
Қазақ ССР оқу ісінің үздігі, жоғарғы санатты үйірме жетекшісі,
Қазақстан суретшілер одағының мүшесі

# Ата-баба мұрасын дамытамыз десек...

Абай атамыз "Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек болар. Мал жұтайды, өнер жұтамайды" деген болатын.

Қазақ халқының қолөнері сан ғасырлық ақыл-ойдың тәжірибесі және табиғатты түсіне білудің, сонымен қоса шеберлік пен суреткерліктің құдіретті туындылары десек, өнерпаз шеберлердің жан дүниесінен өзіндік ерекшелігімен өріліп шыққан өнер туындысы адам жанын рухани байытып, талғам тынысын, көңіл көкжиегін кеңейту құралы. Өнер туындысынан алатын ләззат шеберге деген ризалық сезімге ұласады. Себебі, шебердің ол маңдай тері, ақыл парасаты, талғам түсінігі түрлі ғылымдар саласындағы білімі, дүниетанымы өзіндік ерекшелігімен қайталанбас қолтаңбасынан көрінісі.

Қазақ қолөнерінің бүгінгі халіне қарасақ, өкінішке орай, ұлттық өнер, керемет ата-баба мұрасының қайсыбір түрлері әр түрлі тарихи себептермен жалпы ағымға, техникалық прогреске, қалалық сәнге, т.б. байланысты көпе-көрінеу ескіріп, өткен өмір еншісіне айналуда, оған ешкім мән бермеуде. Киім-кешектен бастап құрал-сайманға, сан алуан жиһаздарға дейін дүкеннен немесе базардан жартылай фабрикаттың өнімін сатып алуға болатындықтан, бұрынғыдай үй жағдайында ағаш ұқсатылмайтын, тері иленбейтін, шекпен тоқылмайтын, киім тігілмейтін болды. Табиғи бояулар шығарудан, желім жасаудан, сабын қайнатудан қалғалы қашан.

Қазақтың құрал-сайманын, қару-жарағын, алтынмен аптаған, күміспен күптеген заттарын тек музейден көруге болады. Ал, қасабаны, қарқараны, құрақты сұламаны, күндікті, күдері бешпентті, жарғақ тонды, ішікті, көксауыр, шегірен етіктерді, кебіс-мәсіні музейден де таба алмайсыз. Оқа, зерлі кесте, бізкесте, ілме кесте тігуден, шеркет тоқудан да көз жазып қалдық. Қазақтың қалы кілемінің нұсқалары мүлдем жоғалып кетті. Бұрын құрылыс ісінде пайдаланған қыр оюы, қырма өнерінен қазіргі жұрттың білетіні шамалы болса, оны орындаған шеберлердің әдіс-тәсілдері өздерімен бірге кетті десек те болар.

Құрметті әріптестер, сіздер мен біздер болашақ үшін бүгінгі ұрпақты білімді, өнерлі болуға баулу бағытында еңбек етудеміз. Әр ұрпақ өзінен кейінгі ұрпақтың кей себептермен әлсіз тұстарына мән беріп оны жөндеуге ықпал етеді. Сол қағидаға сүйене отырып, біз де бүгінгі жастардың кейбір істеріне көңіліміз толыңқырамайды. Себебі, өмірде көріп жүрген, болып жатқан жайларға көз салсақ, алдымыздан білім мен еңбек дағдысын алып, өмір деген қиын да ауыр тірлікке араласып, болашақ негізін қалайды деген жастарымыздың бойынан ұлттық өнерге, еңбекке деген көзқарасы мен бейімділігінің кемшін тұстарын көріп келеміз. Мысалға, қоғам өзгеруіне сәйкес өмірге нарық заманы енуіне байланысты еңбекке икемсіздігінің нәтижесінде еліміздегі жұмыссыздық жастар еншісіне көбірек тиюде. Егер мектеп қабырғасында қолөнердің бастауынан нәр алған жастар болса өмірде өз орнын табар еді деп ойлаймын.

Қолөнер дегеніміз кәсіптің бірі де, бірегейі. Ал, кәсіпшілік ол адамзаттың тіршілік көзі. Ал неліктен осы қолөнерге деген халықтың ынта-ықыласы төмен «Не себеп?» деген сұраққа жауап ретінде мынандай үш себепті ұсынар едім.

Біріншісі, қол үзіп бара жатқан ата кәсіпке жанашырлық танытып, оны дамытамыз деп жүрген елдегі қолөнер шеберлеріне қамқорлық жасалу қажет.

Екіншісі дүкен, базардағы жартылай фабрикаттық тұрмыс заттарымен бірге ұлттық қолөнер шеберлерінің осы заман талабына сай дамытып, жетілдірілген бұйымдарын тұрмыста пайдалану қажет.

Үшіншісі, мектеп қабырғасында ұлттық өнерді насихаттап оны жас ұрпақ бойына сіңіре білсек ұтарымыз көп.

Осы үш себеп оң шешімін тауып жатса бүгінгі заман талабына сай жастарымыздың еңбек етіп өмір сүруі жақсарып, олар да еліміздің әлеуетін көтеруде өзіндік үлес қосар еді. Ғылым мен өнер егіз десек, ғылыммен ұштасқан өнер үлкен өнертапқыштық деңгейге жетелер еді. Мысалға, қарапайым жапондық Америка атом бомбасын еліне тастағаннан кейінгі бүліншілікте шашылып қалған дүниелер арасынан велосипед пен бір кішкене мотор тауып алып, моторды велосипедке орналастырып, одан әрі ізденудің арқасында әлемге танымал «Хонда» мотоциклін дүниеге келтірген өнер шебері өзінің жалғыз ұлын фирмада қара жұмыстан бастатып, автокөлік жасау өндірісінің барлық саласынан өткізіп, өндіріс жайын көзбен көріп, қолымен орындатып істетуден баласының қарым қабілетіне көңілі толған әкесі өз орнын баласына сеніп тапсырып демалысқа кеткен екен. Ал, қазір осы компанияның атақ-даңқын әлем мойындап отырған жоқ па? Ал, бізде осы үрдіс қалай қалыптасуда? Ауқаттылар емес өзіміз секілді қарапайым отбасылардың өздері ұлы мен қызын қол еңбегімен айналысқанына арланып, қызметтік орыннан көргісі келетіні өтірік емес. Мектеп қабырғасында балаларының белгілі бір өнер түрін бойына дарытуына мән бере алмауының салдарынан бар мүмкіншілігін тауысып оқытып, қызметке тұрғызады, қызмет өмірлік емес. Қазақта «Тулақтан шыққан дыбысқа сабау да ортақ, тулақ та ортақ» деген сөз бар.

Сондықтан, сіздер мен біздер ертеңгі елдің болашағы деген жастар бойына еңбек дағдысының қалануына, ата-анасы ата-бабадан аманаттап алып келе жатқан ұлттық дәстүріміз бен қолөнерімізді ұрпақ бойына сіңіруге бірлесе еңбек етер болсақ, «Салақтан олақ жаман» дегендей мектеп қабырғасынан олақ жастар шықпас еді.

Шындығы керек, дәл қазір қыз, жігіттерміздің басым бөлігі олақ. Сонымен бірге ағарту саласы басшылары кеңес кезеңіндегідей мектептердегі еңбек пәнін үйлестіретін орталық жұмысын жандандырса және де ел ішінде небір алтын қолды қолөнер шеберлері баршылық. Осындай өнер шеберлерінің орындаған шығармашылық жұмыстарынан көрме, әрі шеберлік сабақтарын үздіксіз мектепте өткізуге қол жеткізсе деген тілегіміз бар.

Сонымен, ойды ой қозғайды деген, көкейдегі ойды оқырмандардың ой таразысына ұсына отырып әйтеуір тамшыдай болса да бір пайдалы іске қозғау болар деген үмітпен ойымды аяқтаймын.

# Оқушыларды дәстүрлі сәндік қолөнерінің түрлерімен таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу

**Ерболат ЖАРЫЛҒАСЫНОВ,**
А.Байқыдыров атындағы саз мектебінің
сурет сыныбының оқытушысы,
Тарбағатай ауданы, ШҚО

Халық ортасы сәндік-қолданбалы өнердің қайнар көзі. Оқушылармен жұмыс барысында сәндік-қолданбалы өнердің жалпы сипаттамасы және оның басқа өнер түрлерінен айырмашылығы, өзінің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастырып, халықтық сәндік өнердің негізгі көркемдік тілі, бейнелеуші құралдары, қолданбалы бұйымды жасау мен әшекейлеудің негізгі көркемдік принципі туралы жүйелі түсінік берілуі тиіс.

Жұмыс барысында қазақтың киіз үйі, ою-өрнек және оның кең тараған негізгі түрлерімен, символдық белгілерімен, бояу түстерімен, ағаштан жасалатын сандық, кебеже, қобдиша, ағашты өңдеу арқылы жасалатын ағаш қасық, тостаған, ожау бұйымдарымен таныстырып, оларды жасау және әшекейлеу жолдарын үйреттім. Сонымен қатар музыкалық аспаптар туралы түсінік беріп, шеберлік сабақтарында домбыраның құрылысы және оның жасалу жолымен таныстырдым. Қазақ халқының тұрмысында кеңінен қолданылған теріден жасалған торсық, кесеқап, сәндік белдіктер және оларды ою-өрнекпен әшекейлеу әдістерін үйретіп, ер-тұрман, камшы, жүген, ноқта сияқты ат әбзелдерінің түрлерімен таныстырдым. Әр сабақта оқушылардың қабылдау мүмкіндігіне сәйкес эстетикалық тұрғыдан сапасы мен тәрбиелік мәні құнды сәндік өнер туындыларының суреттері мен слайдтарын тақырып мазмұнымен үйлесімді түрде пайдаландым. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қабылдау сабақтарын әңгіме, сұрақ-жауап, оқушылардың өнер шығармаларын өз бетінше талдай, зерттей білу, өз ойлары мен әсерлерін тұжырымдап айта білу дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы жүргіздім.

Соның ішінде ағашты өңдеу, әрлеу және одан бұйымдар жасау әдістеріне тоқтала кетпекпін.

Ағаш – адам баласы жер бетінде пайда болған кезде алғаш тұтынған материалдың бірі болып саналады. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап өскен заманында біздің күнделікті өмірімізде ағаштың алатын орны зор.

Дүние жүзінің көптеген халықтары ағашты киелі санаған. Африка елдерінде ағашты жықпастан бұрын түбіне пальманың майын құяды екен. Поляктар жай соққан ағашты, өзегі бар қарағайды құрылысқа пайдаланбайды. Орыс шауаларында жөке ағашын қиған адам орманда адасып кетеді деген сенім болған. Сол сияқты қазақта да ағашты артық қиюға тыйым салатын ырымдар болған.

Осыдан барып ерте кезден-ақ адамзат санасында экологиялық тепе-теңдікті сақтауға ұмтылушылық, табиғатты аялау, қорғау сияқты ізгі ниет болғандығын байқаймыз.

Қазақ шеберлері музыка аспаптарын жасауда төмендегідей ағаш түрлерін пайдаланады.

Бұрын қолөнер шеберлігіне қажетті ағаштың бәрін ұсталар тікелей өз қолымен даярлаған. Өз маусымында кескен, мезгілінде кептірген.

Ұсталар ағаш кесу жұмыстарына ара мен балтаны, шабу ісіне түрлі шоттарды, тегістеу үшін үстіріктi, қырғыны, жоңғыны, түрпіні, ойып өрнек салу үшін пышақты, қашауды, тесу үшін бұрғы мен үскіні пайдаланған. Қазіргі заманда ағаш өңдеу механикаланған. Механикаланған құрал-сайманға электр ара, электр сүргі, электр бұрғы, электрлік және пневматикалық ажарлау аспаптары жатады. Жинақталған кескіш бәкілермен қатар метрлік өлшегіш, сызғыш, деңгейлік рейсмус деп аталатын өлшеу-белгілеу аспаптары да, ұста балғасы, ағаш балға, қысқыш, тістеуік, егеу, қашау тәрізді көмекші аспаптар да қажет.

Енді ағаш оюға тоқталсақ, оның бірнеше тәсілдері бар.

Бедерлеп ою деп тегіс тақтаның бетіне өрнек салуды, шығыңқы етіп мүсіндік бейнелерді жартылай көлемімен мүсіндеуді, яғни ағашқа бедерленетін барельефті атауға болады.

Жұмырлап ою ағаш ұқсату шеберлігінің ең күрделі түрінің бірі болып саналады. Мөлтек ағаштан тұтас шабылатын келі-келсап, аяқ-табақ, ожау сияқтыларды жасау тәсілін жұмырлап оюға жатқызамыз.

Бұрама сапты ағаш қасықты 3-сыныпоқушыларына жасаттым. Сырт қарағанда, бұл қарапайым ғана мүлік көрінгенімен, мұны мөлтек ағаштан тұтас шауып шығу оңай іс емес. Мұндай дүние жасап жатқанда сынып немесе кейін шытынап кетпеуі үшін тұтас ағаштың бойын қуаламай, беріктік ыңғайына орай көлбеу шаптық.

Бедерлеп оюдың өзін орындалу әдіс-тәсіліне қарай тарқатуға келеді. Егер тақтаға қашау ізін тік салсаң қиып ою деп, қашау жүзін көлбеу салып нұқи ойсаң кертіп ою деп аталады.

Ағаш оюға кірісу үшін не жағдай керектігіне тоқталсақ шеберхана температурасы тұрақты, жел соқпайтын, ауасы ылғалсыз, құрғақ болуы керек. Ағаш оюға жарықтың да әсері бар. Жарық ағаш оятын орынға қарсыдан не сол жақтан түсуі тиіс.

Сонымен қатар арнайы үстел (верстак) болғаны жөн. Егер қарапайым үстел болса, ойып жатқан тақтай сырғып кетпеуі үшін арнайы тежегіштерді пайдалану керек.

Өткір құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін бұлжытпай орындаған жөн. Бедерлеп ою қолдың күшімен жасалатындықтан, бос қолды пышақ жүзі жүретін бағытқа апаруға болмайды.

Ағашты әрлеу жұмыстарына келетін болсақ, кейбір өрнектер бірінен бірі саусақ бойы тереңдікте бөлектеніп тұратындықтан, оюлары дараланып, сәнді көрінеді де, бояп әрлеуді қажет етпейді.

Ағашты әрлеудің лактау, эмальдау, жалатпалау тәрізді тәсілдері бар. Оюлы ағаш еңін өзгерту, ылғалға

| Ағаш аттары | Сипаты | Қасиеті |
|---|---|---|
| Қарағай | Сүрегі ашық қоңыр түсті | Дыбыс шығару қасиеті жоғары |
| Үйеңкі | Сүрегі біртекті ақ сарғыш түсті | Қатты, әрі тығыз |
| Емен | Сүрегі сарғыш қоңыр түсті | Өте қатты, тығыз, берік |
| Қайың | Сүрегі біркелкі ақ түсті | Ыстық, суыққа төзімді |
| Терек | Сүрегі жұмсақ ақ түсті | Көп жарылмайды, тез қатаяды |

шыдамдылығын арттыру үшін морилка тәрізді дайын бояғыштарды, майлы бояуды қолдануға болады. Жоса, қына, томар бояу тәрізді табиғи бояуларды да қолдануға болады.

Шеберге бояу үйлесімділігін сақтай отырып, құнды шығарма жасау үшін көп еңбектену қажет.

Қорыта келгенде, оқушыларды ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан сәндік-қолданбалы өнерге баулу, олардың шеберліктері мен ұлттық көркемдік талғамдарын арттыруға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нәлібаев А. Ағаш ою. Алматы, «Өнер» 1994.
2. Курдаков Е.В. Лес и мастерская. Алма-Ата «Кайнар» 1986.
3. Шоқпарұлы Д. Қазақтың қолөнері. Алматы, «Өнер» 2005.
4. Щербик Г.А. Очерки народного искусства Восточного Казахстана. Усть-Каменогорск. 2008.

*ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА*

# ОЮ-ӨРНЕК

**Ө.С. САТТАРОВА**, №11 жалпы білім беретін орта мектептің технология пәні мұғалімі.
**Л. БЕЙСЕМБЕКОВА**, 9 «а» сынып оқушысы. Екібастұз қаласы

**Ою-өрнекті салып үйрен**

Жеткіншектердің әдебиетте, математикадан, архитектурадан, театрдан, музыкадан, бейнелеу, мүсіндеу, кесте тігу мен ою-өрнекті қиып үйрену өнерінен едәуір хабардар болуы, келешекте қандай мамандықта жұмыс істесе де, оқушылардың рухани өрісі жоғары, кемел азамат болып шығуына жол ашатыны анық.

Өнердің басқа да түрлері секілді, ою-өрнек те оқушылардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға әсері мол. Болашақ зергер, мүсінші және суретшілер де әліппесін мектепте-ақ бастайды. Сондықтан мектеп – өте күрделі лаборатория. Оның қабырғасынан алған білім мен тәрбие әрбір оқушының қолындағы өмірі үшін кілті іспетті.

Мектепте ою-өрнек өнерін үйретуді 3 сыныптарда сурет салу сабағында өткізуге болады. Ою-өрнек қазақ даласында әр түрлі үлгіде дамыған. Оның негізгі элементі мүйіз тектес болып, қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу құрау, балқыту, қию арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, құрылыстарды, зергерлік бұйымдарды ою- өрнектермен әшекейлеп безендіріп отырған, оны Ахмет Яссауи, Қарахан, Айшабибі тағы да басқа мавзолейлерден көруге болды.

Біз халық арасында көп тараған мүйіз тектес ою-өрнектерді сөз етпекпіз.

Ою-өрнектердің бұл тобын қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні деуге болады. Өйткені барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары өзгеріп отырған. Мысалы, "қошқармүйіз", "арқармүйіз", "бұғымүйіз", "қырықмүйіз", "қосмүйіз", "сыңармүйіз", "сыныкмүйіз", "өркешмүйіз", "төртқұлақ", "түйетабан", "сыңарөкше", "қосалқа", "құсқанаты", "қазтабан". Осы элементтерден ою-өрнек композициясы жасалады. Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру мен аңшылықты, жер-су, көшіп қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін аңғартады, бәрінде де мүйіз оюы үнемі араласып отырады. Әрбір ойшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, ең көп түрі және әр түрлі мәнер жасауда жиі қолданылатыны мүйіз тектес ою-өрнектер.

**Халық шеберлері**

Қазақтың ұлттық ою-өрнек түрлерін алғашқы андронов мәдениеті мен байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінен бастап зерделеген Шетелдік ( В. Куррер) кеңестік (С. В. Иванов, В. В. Стаслов, Ф. К. Волков, С. А. Давыдов, Н. Ф. Сумцов тағы да басқа) және қазақ ғалымдары Ә. Марғұланның, Т. Бәсеновтың, Е.Масановтың, М. Мұқановтың және тағы да басқа зерттеу материалдарын айтсақ та жеткілікті. Өздерінің еңбектерінде зерттеушілер ою-өрнектердің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды еңбектер жазып, деректер келтіреді. Зерттеушілердің көпшілігі, әсіресе Шығыс халықтарының ою-өрнектеріндегі айшықтардың, мүйізге, жапыраққа, геометриялық денелерге ұқсас өрнектердің нені бейнелейтінін және олардың атауларының қандай ұғымдар негізінде қалыптасқанын жан-жақты таратып жазады. Ал енді біреулер геометриялық түрлердің шыға бастауы өрнек жасаушылардың өнерлерінің өрістей түсуіне байланысты, олардың ой-қиялынан туған дейді. Демек ою-өрнектердің шығу тарихы, олардың сюжеттік мазмұны мен атаулары туралы мәселе әлі де көп зерттеуді талап етеді.

Оюшы (өрнекші) әртүрлі өрнек үлгілерін жасаушы, сырмақ, текемет, тұскиіз, аяққап, кесеқап, төсеққап сияқты үй жиһаздарына ою оюлап, өрнек салатын шебер. Шебер ою ояр алдында жұқа матадан немесе қағаздан арнаулы үлгі жасап алады. Одан соң оюлайтын киіздің немесе матаның бетіне сол үлгіні салып, жылжып кетпеу үшін оны сиректеу етіп көктеп тігіп, өткір қайшымен айналдыра ойып шығарады. Өрнек салу оюдан басқаша. Өрнек бұйымның бетіне бөлек басылады. Текемет бояуда оның бетіне басқа түсті жүннен өрнек салынады. Ал сырмақ, аяққап, кесеққап, төсеққап сияқты бұйымдарға әр түрлі жіптерден таспалап өрнек тігіледі. Ою ою да, өрнек салу да аса шеберлікті қажет ететін өнер.

бөлінеді: өсімдік тектес, жануарлар, геометриялық формада, космогендік (астрологиялық). Бұлардың әрқайсысының өзінің белгілі бір мағынасы бар. Мүйіз – қазақ оюының негізі және ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жиегіне салынады.

***Арпабас, көбелек, су өрнегі***

«Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.

«Қошқармүйіз» ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрінде кездеседі.

«Ашатұяқ» өрнегі кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.

«Түйетабан» – түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайтын, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою.

«Құсқанаты» ою-өрнегі мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды.

«Кемпірқосақ» ою-өрнегі бірнеше түстерден жолақтар жасап алма-кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің символдық мәні бар. Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түсті белгілі тәртіппен кемпірқосақ көркіне лайықтап орналастырылады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланылады.

«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, тұскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

«Құстұмсық» – бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі.

Ою-өрнектерді құрастыру үшін шеберлер өсімдіктер мен гүлдердің суреттерін қолданған. Осыдан өрнектер барлық әлем халықтарының мәдениетінде көп кездеседі. Өсімдікті оюлар қазақтың қолданбалы шығармашылығында лайықты орын алады. Олар – жапырақтар, жапырақшалар, үш жапырақты өсімдіктер, гүлдер. Шебер әйелдер киім-кешектерді әшекейлегенде өсімдік өрнектерді жиі қолданады.

Күрделі композиция құрайтын ою-өрнектерінің бір түрі –табақ. Оның жиегі су ою-өрнектерден әшекейленген. Ал ортасында күлте, жапырақтар, шырмауықтар орналастырған. Табақ оюы ас үй жиһаздары мен тұскиіздерді, аяққаптар мен дастарқандарды әшекейлеуде пайдаланады.

Кілемдер, текеметтер, алашалар өсімдікті ою-өрнекке өте бай. Кейде аралас өрнектер бұйымдарда кездеседі. Оның көрнекті үлгісі – киіз үй. Киіз үй іші ерекше құмарлықпен жасалған. Ою-өрнекпен әшекеленген жиһаз, ыдыс-аяқ, шиден жасалған өрнек тоқыма, кесте бұйымдар, тұскиіз киіз үйдің ішін жайнатып жібереді. Бұл өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Космогондық өрнектер ғарышпен байланысты жұлдыздарды, күнді, айды, жарты айды кемпірқосақты бейнелейді. Ұлан-ғайыр далада көшіп-қонып жүрген көшпенділерді ғарыш пен әлем құпиясын үнемі қызықтырған. Өткені олардың түні бойынеше түрлі ою-өрнекті құраған жұлдыздардың ғажайып әлемі көмеріп тұрған.

Шын мәнінде, табиғат аясында, онымен үйлесімді өмір сүрген көшпелі қазақтар арманшыл халық еді. Киіз үй көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан баспана. Осы жеңіл де жинақты киіз үй көшпенділерді ғарышпен байланыстырған. Бұл баспананың бұрышы жоқ, жер шары секілді. Төбесінің дөңгелене жасалуы – аспан, ал едені – жер, шаңырақ жердің кіндігі болып қабылданған. Ою-өрнектегі осындай үйлесімдер көк тәңірге сыйынудан жалғасын тапқан. Ою-өрнекті өмірінің сәні мен мәніне айналдырған халқымызда "Ою хан мен Жою хан" деген аңыз бар.

*Ертеде бір әділ хан болыпты. Соның жарлығы бойынша қол астындағы халықты оюлау, өрнектеу, кестелеу бедерлеу, тоқу, бәдіздеу, тігу, шекімелеу, құю, лажылау өнерлерін меңгергені соншалық, үйлерінің іші-сырты, киім-кешектері түгелдей оюланып, өрнектелген әдем әрі көркем екен. Олар бір-бірімен ою тілінде сөйлесе алатын болыпты. Сондықтан да хан – Ою хан атанып кетіпті.*

*Күндердің бір күнінде діні бөлек, бөтен елден хан соғыс ашыпты. Ою ханды тағынан түсіріп, зынданға салып, билікті өзі жүргізіпті. Ол ескі салт, көне дәстүр, байырғы әдет, бұрынғы әдеп, ежелгі өнер, бұған дейін мәдениет мұраларын бәрін жойып, жаңаша құрмақ болыпты. Бірақ ескі оюдың орнына жаңа ою таба алмапты. Жаңа дегенінің бәрі ұзаққа бармай, ұмыт бола беріпті. Бұрынғы өнердің мәні кетіп, сол өнерді жасаушы шебер азайып, біртіндеп жоғалуға айналыпты.*

*-Уа, хан ием! Мына райыңыздан қайтыңыз, теріс жолмен кетіп бара жатырсыз, – деп, жөн айтқанның да, айтпақ болғаның да, тіпті ондай адамдармен пікірлес болғандардың да көзін жойыпты.*

*Сондықтан да оны халық Жою хан деп атапты.*

*Бұл кезде зынданда жатқан Ою хан жағдайдың бәрін естіп біліп, ел билеушіге мынандай ою-хат жолдайды.*

*Одан Жою хан:*

*-Хан ием, сен қазір үлкен күш иесі болып отырсың.*

*Екі иығында қолдаушы екі әбжыланың бар.*

*Сен өз басыңды ойлап, өз дәулетіңмен шектеліп қалған жансың.*

*Күндердің күнінде сенің хандығың да, өзің де құбыжыққа айналасыңдар, – деген сөздерді оқиды.*

*Әйтсе де, ол хаттағы сөздерді қаперіне алмай, өз білгенін істей береді. Бұрынғысынша халықты шөміштен қағып, аштыққа ұрындырады. Адамдар қырылады. Ою хан шыдай алмай, тағы да ою-хат жазады.*

*Жою хан бұл хаттардың астарында*

*«Қырылған халық рухы ажал құсына... айналып, сенің төбеңде отыр.*

*Ал сенің көз алдыңда өлген адамдардың етін қарға, құзғын шоқып жеуде.*

*Бүйте берсең, ажал құсына жем боласың», –*

*деген ащы шындық айтылғанын түсінеді. Түсінсе де, түсібегендей болады.*

*Бір күні жалғыз ұлы саятқа шығып, аң атаулының етті мен терісіне қарық болмаққа аттанады. Ол ойына алғанын істеп, аңдарды қырып- жойып келе жатқанда, бір үкі мұның бетінс шапшиды. Бала жанталаса қорғанып үлгергенше, үкі оның екі көзін ойып жібереді.*

*Су қараңғы соқыр болып, тентіреп келе жатқанында, бір жардың басынан құлап өледі.*

*Бұл кезде Жою хан баласына іздеу салып жатқан еді.*

*- Кімде кім баламның өлімін естіртер болса, басын аламын, – деп жарлық берген соң, ешкімнің батылы бармайды*

*Мұны естіген Ою хан баланы іздеуге өзінің барғысы келетінін хабарлайды. Жою хан оны*

*зынданнан шығарып, жолға аттандырады. Ою хан дәрі-дәрмегін құрал-сайманын алып, орманды аралап келе жатып, бір тастың астынан: «Жойылсын, Жою хан!» – деп қиналған дауысты естиді. Тасты көтеріп қалса, оқ тиіп, жамбасы қираған сұртышқан жатады. Ою хан дереу жамбасын таңып, дәрі жағып, жөніне жібереді.*

*Ою хан жолында кезіккен жаралы аң-құстың бәрін емдеп, дәрі береді. Қанаты сынған үкіні емдеп тұрып:*

*- Орманнан Жою ханның баласын көрдің бе? – деп сұрайды*

*- Қаныпезер хан баласы жолында кезіккен сұртышқанды, арқарды, бұғыны, қодасты, жолбарысты жаралап, балықты құрғаққа тастап, бәрін қайта айналып келіп, сойып алмақ болғанда, мен оның екі көзін ойып алдым. Өйткені ол жараланғанның бәрі орманның ең соңғы аңдары еді, хан баласы қазір көл түбінде өліп жатыр,- дейді үкі.*

*Болған жайдың шындығында көзі жеткен Ою хан үйіне қайтып келгеннен кейін, оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де, әлгі сырмақты Жою ханға алып жүреді. Мұны көрген аш-жалаңаш халық оның соңынан ереді. Хан сарайына кірген соң, Ою хан сырмақты Жою ханның алдына жайып тастайды.*

*Сырмақтың оюы көз жауын алардай көрікті, бояулары адам жанын баурап алатын сиқырлы болады.*

*Жою хан сырмақтың оюына қарап, ойланып ұзақ отырып, ондағы оқиғаны іштей былайша тарқатады.*

*Жүрген жолында ұшқан құстармен беттесіпті.*

*Бұғы кездесіпті.*

*Тау тағысы арқар да жолығыпты.*

*Алдынан қодас шыққан көрінеді.*

*Сорлы балам жолбарыспен де арпалысыпты Балыққа да ұшырасыпты.*

*Жорғалаған сұртышқандар да қарсы келген көрінеді.*

*«Балаң екіге бөлініп, жаны рухқа, тәні аруаққа айналды» деп тұр ма?*

*- О, жалған! Менің жалғыз ұлым шынымен өлгені екен? Өлтірем!!! – деп қылышын суырып алып, Ою ханға төнеді.*

*Сонда Ою хан:*

*- Дат, тақсыр! Сенің «Кімде кім баланың өлімін естіртсе, соның басын аламын», деген жарлығың бар емес пе еді? – дейді.*

*- Иә, бар! – дейді қаһарлы хан.*

*- Ендеше, балаңның өлгенін мен де, мына халық та сіздің өз аузыңыздан естіп тұрмыз. «Ханның екі айтқаны – өлгені».*

*- Алынса сенің басың алынуы керек,– дейді Ою хан саппай. Бүкіл халық оны қолпаштай жөнелді. Сөйтіп, Жою ханның өз жарлығы өзінің басын алуға себепкер болды.*

Пайдаланған әдебиет.

1. Өмірбекова М.Ш. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. 2004 ж.

2. "Мектептегі технология. Технология в школе" журналы.

Г. МҰҚЫШҚЫЗЫ,
Ш.Батталова атындағы орта мектебінің еңбек пәні мұғалімі. Шет ауданы. Қарағанды облысы

# "Ою-өрнек сыр шертеді"

**Мақсаты:** ұлттық өнерге сүйіспеншілікті арттыру
Аннотация: ұлттық қолөнерді дамыту мақсатында жасанды киізден сырмақ жасау.

Ою-өрнек түрлерін дамыту барысында ұлттық қолөнеріміздің бір түрі сырмақ жасау.

Зерттеу жұмысы бойынша қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы аса құнды салаларының бірі – қолөнері оның ішінде ою-өрнек болып табылады. Ою-өрнектер әсемдікпен, сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге халықтың арман-ойының, тілек мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою-өрнектің мазмұндылық ерекшеліктері сан алуан. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімдерін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор.

I бөлім. **"Өнер өрге жетелейді".**

"Өнер таусылмас азық, сарқылмас байлық" – дейді халық даналығы. Қазақтың қолөнері де халықтың даналығы. Қазақ қолөнері көркемдік мән-мағынасымен халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы. Бабалардан қалған өнер қазынасының бірі ою-өрнек. Оларды жоғалтпай үйретіп, әрі қарай дамыту біздің міндетіміз. Ертеде халқымыз тұтынған нәрселерінің бәрін оюмен әшекейлеп безендірген. Қазақ халқының ою-өрнекке деген ынтасы және сұлулыққа деген көзқарасы өте жақсы дамыған деп ойлаймын.

Ою-өрнек мағынасы бір-біріне өте жақын сөздер. Мағынасы сәндеу, әсемдеу деген сөзден шыққан. Қолөнерде ою-өрнек салмай жасаған бұйымдарды көре алмайсыз. Киіз басудың өзінде киіздің үстіне басқа түсті жүн жабыстыру арқылы түрлі оюды ойластырып, мол мағына беріп жасаған. Кесте өнерінде текемет, аяққап, қоржын сияқты бұйымдарды кестелеуде ою-өрнек қолданамыз. Ою-өрнек салып жасаған бұйымдар көздің жауын алады, өте әдемі көрінеді.

Өнердің басқа түрлері секілді ою-өрнектің де оқушылардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға әсері мол.

II бөлім. Ою-өрнек түрлері мен атаулары.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен оның атаулары көп. Ғалымдар әзірше 200 -дей түрін ғана анықтады. Халық арасында көп тараған мүйіз тектес ою өте көп. Ою-өрнектің бұл тобын қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні деуге болады. Бұл дұрыс сияқты, өйткені «мүйіз» өрнегі өте ескі өрнек және ол көбінесе мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі елдердің негізгі мәнері ретінде жиі кездеседі. Халқымыздың қоғамдық құрылысы, кәсібі мен күнкөрісі, ұғымы үнемі өзгеріп, үнемі даму үстінде болғанын еске алған жөн. Халықтың ою- өрнеп үнемі өзгеріп дамып отырды. Демек, қошқардың екі мүйізін межелеп бейнелеген оюлар бірте-бірте малдың және аңның төбесін, құлағын, тұмсығын қоса елестетіп тұтас бір композиция жасайды. Сөйтіп, мүйіз кейіптес өрнектердің барлығын қосып, «мүйіз оюы» деп атаған. қошқармүйіз, арқармүйіз, қырықмүйіз, қосмүйіз, сыңармүйіз, сыныкмүйіз.

Суреті, композициялық ырғағы, түсі жөнінен әсем де үйлесімді, сансыз түрдегі алуан өрнектер қазақтың халық өрнегіне өте тән.

Осы ою-өрнектерді зерттей келе, мен де оны өзімнің жұмысыма қолдануды дұрыс көрдім.

Ата-бабаларымыздың дәстүрлі төсеніш болған үй жиһазының бірі – сырмақ. Сонымен қатар, ол халқымыздың бай қолөнерінің қайталанбас туындысы. Тұрмысымызға көрік берер сәнді бұйымдардың бірі. Сырмақ киізден жасалады. Оны қозының жүнінен жасайды. Бетіне ақ киіз бен қара киізден оюлап басқан, астын кенеппен астарлаған.

Ал мен қазіргі уақытта киіз баспайтындықтан жасанды киізді алдым. Бұл киіз өте жеңіл қылшықтары жоқ, таза соның бетіне оюлап мата бастырып, сол оюдың шет-шетіне жиек бастым. Бұндай сырмақты тұскиіз ретінде де пайдалануға болады. Осындай сырмақтар жасап көпшілік алдына шығарса, қазақтың әр үйінің төрінен орын алады деп сенемін.

Қорыта келе, біздің басты міндетіміз бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, кейінгі ұрпаққа жеткізетін кез жетті деп ойлаймыз. Біздерге көркем қолөнердің берер ықпалы өте зор. Бүгінде тәуелсіздігіміздің арқасында ата-баба дәстүрі жалғасын табуда. Абай айтқандай, зерек те, іскер, бес саусағынан өнер тамған замандастарыма осы ұлттық мұраны ұмытпай ұрпақтан ұрпаққа жалғастыра беремін демекпін.

**Зерттеу жұмысына берілген баға.**

Қазіргі кезде заман талабына сай мектептің ұстаздардың алдында қойған мақсаты мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберліп мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып оның ішінде ою-өрнектердің түрлерін зерттеп, қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екеніне көз жеткізді. Өз жұмысын орындауда көптеп ізденіп энциклопедия, кітаптар, журналдарды ұтымды пайдалана білдік.

**Қолданған әдебиеттер:**

1 Төлепбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектерінің жалпы жолдары. 1993 ж.
2 "Қазақстан әйелдері" журналы. 1996 ж. №5, 26 бет.
3. "Мектептегі технология" журналы. №1/2006. 14 бет. № 6 /2006 20 бет, №7- 8 /2006 22 бет.

# Қазақтың ұлттық киімі – қамзол

Н.С. ОРАЛБАЕВА,
Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі, Алматы қаласы

**Сабақтың мақсаты:** қамзолдың үлгі сызбаларын дұрыс құрып үйрену;

Білімділік: әр киімнің өзіндік ерекшілігін ескере отырып үлгілеп үйрету;

Дамытушылық: қамзолдың денеге қонымды болу тәсілдерін, түрлерін дамыту;

Тәрбиелік: үлгілеумен сәндік-қолданбалы өнердің талаптарына сай әсемдей білуге үйрету.

Сабақтың түрі: дәстүрлі сабақ.

Сабақтың көрнекілігі: сызба нұсқа, ұлттық киім үлгілері, қамзолды өлшеп, тігуге арналған плакат, бүктемелер – «Ою өрнектер», қамзол.

Пәнаралық байланыс: сызу (сызба нұсқа), математика (өлшемдер мен формула есебі), бейнелеу өнері (жобалар, ою-өрнектер), тарих (киімдер тарихы), қазақ тілі (көнерген сөздер).

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сабаққа дайындық, Техника қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Ою-өрнектің түрлері әшекейлеуге, көркемдеуге арналған ою-өрнектердің суретін салып келу. Қамзолдың эскизін дайындап келу. Үй тапсырмасы бойынша 10 минуттық тест алу. Тестті бағалау.

III. Жаңа сабақ.

**Қамзол** – жеңсіз, жеңіл киім. Бір түсті едәуір қалың матадан, мақпалдан, барқыттан, жібектен, кейде гүлді мақпалдан, атластан (жас ерекшелігіне қарай) тігіледі. Қыз-келіншектерге арналған қамзолдың екі өңіріне кесте тігіліп, ою-өрнек салынады, түйме орнына әшекейлі металл немесе күміс қапсырмалар тағылады. Қамзолдың жүн тартылып, аң терісінен қос астарланып тігілетін түрлері де болады. Қамзолдың әдетте етегі кең болып келеді. Қамзол 18-19 ғасырларда қазақ халқы арасында кең тараған ұлттық киім.

Негізгі сызбаны пайдаланып қамзол сызбасын сызуды үйренеді. Қамзол сызбасына қойылатын негізгі талап:

- денеге қонымды болу;
- сәнді, ұлттық нақыштармен ерекшеленеді.

Қамзол:

- жеңсіз және жеңді (ұзын, қысқа);
- қима бел және тік пішінде болады.

Киімді үлгілеу барысында адамның дене бітіміне назар аудару шарт. Әркімнің мүсініне әр қалай болғандықтан денедегі кемшілікті жасырып, адамның сырт келбетін әдемі етіп көрсетуге тырысу керек. Мұндай жұмыстар жасау оқушыны талғампаздыққа үйретеді, ой-өрісін жетілдіреді, эстетикалық талғамға сай киіне білуге тәрбиелейді.

Көйлек сызбасының үстіне басқа түсті қарындашпен қамзол сызбасын құрады.

1. Өзі таңдаған қамзол түрін жобалау. Оқушы жұмысын бастайды. Тексеріп қателік болса түзетіп отырамын.

2. Артқы бой сызбасының қынамасы (белге).

3. Алдыңғы өңір қынамасын (белге) тексерген соң әшекейлеу жұмысы жүргізіледі.

Мұнда егер қамзолдың алды ашық болса ою-өрнек өңір айналасына, шетіне сызылады, алды бітеу болса симметрия сызығын бойлай тең ортаға немесе бір жақ жанына немесе ойындысы айнала салуға болатынын ескертемін.

4. Егер қамзолды жасы егде тартқан адамға лайықты жасау керек болса, қынамасыз тік және өңір жиегіне біліте салынып, ұлттық сәнді машина тігісімен сырып тігуге болады. Тігіс атауы мен сызбасы нұсқау картада көрсетілген.

Бұл тігістер өңірге, белдік тұсына қолтық ойынды айналасына салынады.

Жас қыздарға бала киіміне ою-өрнек салу керек. Мүйіз өрнегі, гүл өрнегі сай келеді. Бүктемедегі ою түрінен таңдап сызылады.

5. Сызба негізін қиып үлгі қосып жасайды.

а) Артқы бой сызбасы (сырғымасы ілгекті иректеп көрсеткен).

б) Алдыңғы өңір сызбасы (ою-өрнек сызба жиегіне бояу қарындашпен сызылады).

Сызбаның соңғы әшекейін сызып белгілеген соң тексеріп бағалаймын.

**IV. Жаңа сабақты бекіту.**

Қамзолдың қандай түрлері бар?

- Қамзолға қойылатын негізгі талап не?
- Қамзолды әшекейлеудің қандай түрі бар?
- Сағат бау тігісі неше рет тігістің нәтижесінде пайда болады?
- Қынама не үшін қолданылады?

Оқушылар жаңа сабақты кездескен көнерген сөздер мен терминдерді сөздік қорына белгілеп жазып алады.

**V. Сөздік.**

Өлшем – киімнің денеге қонымдылық кеңдігі.

Өңір – алдыңғы бой.

Су – сыдырма тігіс бір немесе екі рет жүргізеді.

Ирек – иреленděп тігіледі.

Бунақ – екі рет тігістің бунақтай айқасуы арқылы тігілетін тігіс.

Айқас доға – доғалар тізбегін қарама-қарсы бағытта екі рет жүргізумен тігіледі.

Сағат бау – төрт рет жүргізілетін немесе бунақ тігісінің екі рет қайталануы арқылы жасалатын сәнді тігіс.

Кереге көз – параллель қиғаш тесіктердің айқасуы арқылы жүргізілетін тігіс түрі.

**VI. Қорытындылау.**

Көйлек сызбасы негізінде қамзол сызбасын қалай құруды үйрендік және әшекейлеудің екі түрлі жолымен танысып жаңа сөздер үйреніп сөздік қорын молайттық. Негізгі сызбаға қандай да киім сызбасын сызып алуға болатын оңай жолын игердік. Сабақ нәтижеге жетті.

**VII. Үйге тапсырма.**

Оқушылар өз өлшемдерін алып 1:1 масштабпен дәптерге сызып алып келу керек.

# Қамзолдың жиегін оқалап тігу жұмысы

Жамалхан Қасенқызы ТӨЛЕУБЕКОВА,
Тоқсын Құлыбеков атындағы орта мектептің мұғалімі,
Кербұлақ ауданы, Алматы облысы

Мақсаты:

а) Қамзолдың жиегін оюлап тігу жолдарын түсіндіру, дайындау жолдарын үйрету;

ә) Оқушының теориялық білімдерін практика жүзінде көрсетуге ықпал ету;

б) Оқушыны ұқыптылыққа, іскерлікке, үнемділікке, талғампаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: үлгілер, матадан тігілген қамзол, сөзқұрақ, ою-өрнектер.

Сабақ түрі: аралас білім мен іскерлікті игеру

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, баяндау, демонстрациялау

Пәнаралық байланыс: тарих, бейнелеу, сызу

Сабақ барысы:

**I. Ұйымдастыру:**

а) Сабақта жоқ оқушыны түгендеу.

ә) Оқушының жұмыс орнын тексеру.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:**

а) Қамзол қандай киім?

ә) Оны кімдер киеді?

б) Ол қандай үлгіде тігіледі?

в) Қамзол тігу үшін қандай мата қажет?

г) Қамзолдың пішу жолдарын айт?

**III. Жаңа сабақ:**

Өткен сабақтарда біз қамзолдың өлшемін алып, пішу жұмысын жүргіздік. Енді бүгінгі сабақта жасамның жиегін оқалап тігеміз. Оқалап тігу дегеніміз кез келген киімге өрнек салып сәндеп тігу деген сөз. Өрнекке ою-ернек, гүл суреттері жатады.

Камзолдың алдыңғы өңіріне, етек жеңдеріне ою салып тігуге болады. Ол ұлттық киім болып есептеледі. Ал біз өзіміз киетін қамзол тігіп киетіндіктен қамзолдың етек жағының алдыңғы бөлігіне ғана бір тал оюдың сызбасын түсіріп оны тышқан із кестесімен екі қатар жолмен тігеміз.

Кесте жіп киімнің өңін ашатын жіп болуы керек Бұл тігісті шырыш тігіспен тігуге де болады, бірақ ол жуандау болып қарабайыр болып көрінеді Сол себептен тышқан із кестесімен тігуге тура келеді. Кестені өте ұсақ үлгісінде тігеміз, әрі жіп бірқабат болуы шарт.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

а) Қамзол қандай киім?

ә) Біз қандай киімді піштік?

б) Оқалап тігу дегеніміз не?

в) Киімнің қай жеріне оқа салдық?

г) Қандай тігіс түрлерін білесіңдер?

д) Оюды қандай тігіспен тіктік?

V. Тірек сызбасын пайдаланып, дұрыс жауабын тап.

1.Жұмыс кезінде ескеретін нәрсе – дене өлшемі.

2. Қамзолды пішу үшін пайдаланатын тышқан із мата.

3. Қамзол тіккенде бірінші орындалатын оң жағын беттестіру жұмыс.

4. Сәндеп тігу сөзі плюш, велюр.

5. Камзолды оқалауға оқалау арналған тігіс.

6 Киім пішкенде матаны пайдалану тәсілі қауіпсіздік ережесі.

VI. Миға шабуыл жасау.

1. Көңілсіз жұмыс өнімсіз.

2. Салақтан олақ жаман.

3. Жеті рет елшеп, бір рет кес.

Біз сөздің мағанасын түсініп дәлелдеп беру керек.

VII. Қорытындылау.

Сабақ құпия санымен қорытындыланды. Ол үшін 5 таңбалы санның біреуін таңдап, сұраққа жауап беру керек.

1. Матаның адам ағзасына тигізетін әсері.

2 Пішу барысында матаның қай бетін қолданасыңдар?

3 Сабақта нені меңгердім, алған әсерім. Техникалық қауіпсіздік ереже сақталда ма?

4 Бүгінгі сабақта нені үйрендің?

5 Бүгінгі сабақ қалай өтті?

VIII. Сергіту сәті.

Әріптерден сабаққа байланысты «сөзқұрақ» құрастыру.

**«Сөзқұрақ».**

К Ж М И З Л А
А Н І М Т Е А
П Ш Қ Й Ы А

XI.Сабақтың соңғы сатысы:

а) баға қою.

ә) үйге тапсырма.

б) сабаққа анализ.

Не білемін?

Не үйрендім?

Не білгім келеді?

**Ж.Н. АРЗЫКУЛОВА,**
№5 орта мектептің технология пәні мұғалімі,
Шалқар қаласы

# Ұлттық ою-өрнекпен бұйымдарды әшекейлеу

**Сабақтың мақсаты:**

1. Білімдік мақсаты: ою-өрнекке шеберліктерін тереңдету.

2. Тәрбиелік мақсаты: халқымыздың асыл мұрасын,салт-дәстүрін қадірлеуге үйрету.

3. Дамытушылық мақсаты: кеп ізденуді, бірін-бірін тыңдауды қалыптастыру.

Сабақтың түрі: аралас, дәстүрлі.

Пәнаралық байланыс: тарих, сурет, биология.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: ою-өрнек түрлері, таблица, жасалған бұйымдар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын сұрау. Оқушыларды екі топқа бөлу.

**1-топтың сұрақтары:**

1. Қай термин қол жұмысында қолданылады?
а) әдіптеу ә) көктеу б) сыру
2. Бір жаққа қаратып үтіктеу қалай аталады?
а) айыра үтіктеу ә) бастыра үтіктеу
б) жатқыза үтіктеу
3. Декатерлеу деген не?
а) бөлшектерді әрлеу ә) түймелікті торлау
б) матаны ылғалды жолмен өңдеу
4. Киімнің негізгі бөлшектері неден тұрады?
а) артқы, алдыңғы бой ә) жаға, қалта б) жең өңір
5. Жағаның қондыру сызығының ұзындығы неге байланысты?
а) мойын ойындысына ә) қолтық ойындысына
б) өңіршекке
6. Пішілген бөлшектегі сызықтарды екінші жағына аудару үшін қандай қол тігісі қолданылады?
а) көктеу ә) жөрмеу б) торлау
7. Иық тігісінің өңделу реттелігі?
а) торлау, тігу ә) көктеу, тігу
б) көктеу, тігу, торлау
8. Қай өлшем толық жазылады?
а) бел ә) бөксе б) ұзындық
9. Лондонда кімдерге арналған киімдер шығарылды?
а) жастарға ә) ерлерге б) балаларға
10. Киім бөлшектерін құрастырудың реттік жүйесі неге байланысты?
а) киім үлгісіне ә) мата түріне
б) киім түріне, үлгісіне

**2- топтың сұрақтары:**

1. Қай термин машина тігісінде қолданылады?
а) әдіптеу ә) қайып тігу б) тор тігіс
2. Әр топқа қаратып үтіктеу қалай аталады?
а) бастыра үтіктеу ә) айыра үтіктеу
б) жатқыза үтіктеу
3. Қалта мөлшері неге байланысты?
а) киім түріне ә) киім өлшеміне б) киім моделіне
4. Киімнің бірінші қай жері тігіледі?
а) етегі ә) жаны б) сызығы
5. Жеңге іркіп тігу не үшін керек?
а) жеңнің денеге қонымдылығы
ә) мата созылмауы б) жең ұзындығы
6. Бірінші өлшемге дайындағанда жасалмайтын өңдеу?
а) бөлшектерді өңдеу ә) тігістерді торлау
б) бүкпелерді үтіктеу
7. Иық тігісі қай жаққа жатқызыла үтіктеледі?
а) артына, екі жаққа айыра
ә) алдына, екі жаққа айыра
б) айырмашылығы жоқ
8. Екі бөлшекті бір-біріне біріктіру?
а) қайып тігу ә) әдіптеу б) жөрмеу
9. Жең тігісі мен қаттаманы қай кезде тігіп өңдеу қажет?
а) қолтық ойынды қондырып тіккенге дейін
ә) қолтық ойынды қондырып тіккеннен кейін
б) барлық жауап дұрыс
10. Жаға, қаттама, қалталар, қақпақтар киімнің қандай бөлшектеріне байланысты?
а) ірі бөлшектер ә) ұсақ бөлшектер
б) негізгі бөлшектер

3. Жаңа сабақ тақырыбымен таныстыру. Қазақ халқының кең қолданып келген өнерінің түрі ою-өрнекпен әшекейлеу өнері.

Ою-өрнек әр түрлі үлгіде дамыған. Оның негізгі элементі мүйіз тектес болып халқымыздың жиі пайдаланатын заттарында, өру, тігу, құрау, еріту, балқыту, қию арқылы үй жиһаздарына, зергерлік бұйымдарға, кілем, алаша, сырмақ, текемет, қоржын, ыдыс-аяқтарға, киім-кешектерге безендіріліп салынған. Бір өрнекке салып қиып алған үлгіні ою дейді. Ал өрнек деп әр түрлі ою бедерлеп, күйдіріп жалатқан әшекейді айтады. Ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының тұтынушылық және эстетикалық мәнін аша түседі. Бір кездері тасқа, ағашқа, сүйекке түсірілген ою-таңбалар

| Түрлері | Атауы |
|---|---|
| 1. Көк әлеміне байланысты өрнектер | Ай, айшық, жарты ай, жұлдыз, кемпірқосақ, күн, шұғыла |
| 2. Малға, малдың денесіне, ізіне байланысты | Айыртұяқ, асқармүйіз, атерін, қошқармүйіз, тайтүлік түйетабан, омыртқа |
| 3. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты | Бөрікөз, бөріқұлақ, итемшек, иттабан, иттіс |
| 4. Құрт-құмырсқаларға байланысты | Алақұрт, жұлдызқұрт, көбелек, құмырсқа, құмырсқа із |
| 5. Құстарға байланысты өрнектер | Қазмойын, қазтабан, құстабан, құсқанат, құсмұрын |
| 6. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ бұтақ бейнелі өрнектер | Ағаш, бітпесгүл, жапырақ, жауқазынгүл, ирек, ирексу, өткізбе, райхангүл, су, үзілмес, үш жапырақ, шиыршық |
| 7. Қару, құралдарға байланысты өрнектер | Айбалта, айыр, балдақ, балта, қармақ, шынжыр |
| 8. Геометриялық фигуралар тектес | Қосдөңгелек, қостұмарша, төртқұлақ, тұмарша, сүйір |

келе-келе киізге, алаша, кілем, т.б. заттарға салынатын болған. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен оның атаулары өте көп. Ою-өрнек тарихына ой жіберсек, көп мағлұмат аламыз, даму кезеңдерін байқаймыз. Халық шеберлері өздерінің туындыларын геометриялық аспаптарсыз-ақ шебер жасаған. Оюшылар күрделі композицияларды дүниеге әкелгенде қатаң симметрия заңдары мен үйлесім шарттарын өте орынды қолдаған. Ою өнері дүние жүзі халықтарының барлығына тән. Қай халықтың оюларын алып таңдау жасасақ та барлығына ортақ бір заңдылық бар. Ол симметрия заңы. Симметрия кез келген ою-өрнекте болады. Оның екі жағының бірдей болуы – симметрия заңы деп аталады. Сонымен қатар оюдың қайсыбір түсінің болмасын өзіндік символдық мәні бар. Мысалы көк түс – аспанды, ақ түс – қуанышты, бақытты. Сары түс – білімді, даналықты, қызыл түс – күннің, жасыл түс – жастық пен көктемді, қара түс – жерді, берекe белгілері болып табылады екен.

Біз осылардың ішінде халық арасында көп тараған мүйіз тектес ою-өрнектерді қарастырамыз. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Солардың ішінде жиі қолданылатыны мүйіз тектес оюлар ою-өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсағы зергерлік, кесте тігу, ағаш, сүйек, мүйіз ұқсату сияқты нәзік істерге қолданылса, ірісі кілем, алаша, текемет, киім-кешектерге қолданылады. Халық шеберлері мүйіз өрнегін сан қилы мәнерлермен құбылта бір элементке екінші, үшінші элементтерді қосып, толықтырады да құлпырта әдемі де мазмұнды композиция жасайды. Ою-өрнектерде бір элементтің қайталанып отыруын ритм – ырғақ дейді. Мысалы, біз осы ою-өрнектердің ішінде қошқармүйіз оюын ойып қарастырамыз. Оның қайталанып отыруы – ритм. Бұл оюды ою үшін біз қағазға оюды ойып аламыз. Қағазды екіге бүктейміз де оюдың суретін салып, сол күйінде қиып аламыз. Сонда оюымыз шығады.

4. Сабақты бекіту. Оқушылар қошқармүйіз оюын ойып көрсету.

5. Қорытындылау. Сұрақтар арқылы сабақты қорытындылау, оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: оюды матаға ойып әкелу.

# Халықтың дәстүрлі өнері || ОЮ-ӨРНЕК салып үйренейік

**Клара Бектөрекқызы МАРАҚҰЛОВА,**
Т. Бердияров атындағы №127 орта мектеп,
Сарыағаш ауданы, ОҚО

**Сабақтың мақсаты:**

Білімділік: білімдерін тереңдету. Ою-өрнектердің түрлерімен таныстырып, оның қию әдісін үйрету.

Дамытушылық: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, қолөнер туындысын көру арқылы оқушылардың өнерге деген құштарлығын, шығармашылық қабілетін, дүниетанымын дамыту.

Тәрбиелік: ұқыптылыққа, өз орнының тазалығын сақтауға, өз бетінше еңбек етуге, алған білімдерін дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: дамытушылық сабақ.

Сабақта қолданылатын әдіс: сын тұрғысынан ойлау.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу, геометрия, тарих, әдебиет.

Көрнекілігі: ою-өрнек түрлері, тұрмыстық бұйымдар, қоржын, үлгі.

Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі.

ә) Оқушылардың назарын сабаққа аудару, топқа бөлу. Қоржыннан өз топтарына есім алады.

I топ. «Өнерлілер» тобы. II топ «Шеберлер» тобы.

III топ «Ісмерлер» тобы.

Жаңа сабақ.

Ою-өрнек ежелден келе жатқан өнер болып саналады. Әрбір халықтың өзіне тән ою-өрнектері баршылық, қай халықтың да мәдениетіне көз салсақ, халықтың эстетикалық талғамы, дамуы ою-өрнекпен байланысты.

Ою-өрнек өнерінің белгілі бір халыққа тән негізгі стильдік ерекшеліктері сол халықтың қолтаңбасымен сабақтасып жатады.

Кезінде өнертанушы В. Чепелев «Қазақтар тек ою өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп атап көрсеткен, қазақтың ою-өрнектері аталуына байланысты бірнеше топқа бөлінген.

1. Ай, күн, жұлдыздар, көк әлеміне байланысты.
2. Малдың дене мүшесіне байланысты.
3. Аңға байланысты ою-өрнек.
4. Жәндіктерге байланысты өрнектер.
5. Құстарға байланысты.
6. Жер, су, өсімдіктерге байланысты.
7. Қару құралдарға байланысты.
8. Геометриялық фигура тектес.

I. Қызығушылығын ояту.

II. Ой қозғау. (Сөздік жұмыс)

| № | Сұрақтар | Жауабы |
|---|---|---|
| 1 | Ою-өрнек дегеніміз латынның қай сөзіне келеді? | Латынның орнамент деген сөзінен алынған. Орнамент – әшекейлеу, әсемдеу деген мағынасына келеді. |
| 2 | Композиция дегеніміз не? | Ою-өрнекті бір заттың бетіне реттеп орналастыру. |
| 3 | Симметрия дегеніміз не? | Ою-өрнектің екі жағының бірдей болуы – симметрия заңы. |
| 4 | Колорит дегеніміз не? | Ою-өрнектердегі бояу түрлерінің бір-бірімен үндесіп, жарасым табуы. |
| 5 | Ритм дегеніміз не? | Ою-өрнекте бір элементтің қайталанып отыруы. |
| 6 | Оюдың пайдасы бар ма? | Жүйке қызметін жақсартып, ойды бір жүйеге келтіреді. Математикалық білімді жетілдіреді, түстерді таңдауға үйретеді. |

Қолөнер – халықтың өз қолымен жасайтын ұлттық мәдениеті мен өнер туындысы.

Оюшы – әр түрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою-өрнегінің шебері.

Оюлау – әсем өрнек, әшекей салу, көрнектеу, ою жасау, кесу.

Ою – бір нәрсенің бетіне түсірілген түрлі нақыш, бедер, өрнек, әшекей.

Ою салу – өрнек түсіру, әшекей жүргізу.

Оймала – бір нәрсені ойып, кесу.

Әшекей – өрнек салу әдісінің бір түрі.

Үлгі – ою-өрнек қиылған қағаз, өрнектің қалыбы.

Топпен жұмыс (топқа тапсырма беру).

I топ. «Өнерлілер» тобы. Мақал-мәтелдерді толықтыр.

1. Оюды оя алмаған _____.
2. Ойсыздан _____ шықпайды.
3. Үлгісі көптің _____ көп,
Өрнегі көптің _____ көп.

II топ. «Шеберлер» тобы. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

1. Еңбек етпесең, не қорлықта қаласың, не ұрлыққа барасың.
2. Адамның ісі қандай болса, өзі де сондай.

III топ. «Ісмерлер» тобы.

Оюдың аталуы, қолданылатын орны, мағынасы туралы мәлімет бер.

- Балалар, әжелеріміз ою үлгісін жасауды, оюды кімдерден үйренген? Олар да өз әжелерінен, аналарынан, әпкелерінен үйренген. Осылай ұрпақтан ұрпаққа ауысып бүгінге жеткен. Біз де ою ойып көрейікші.

**Ойма ою.** Тұтас заттың бетіне қайшымен ойып ою-өрнек жасауды ойма ою деп атайды. Ойма оюлар сырмақ сыру өнерінде ғана пайдаланылады.

**Сызба ою.** Сызба ою-өрнегі атынан-ақ көрініп тұрғандай, тұтас қағаз бетіне қаламмен сызылып түсіріледі. Сызылып жасалған ою-өрнек үлгілерін сызба ою деп атайды.

**Қима ою.** Тұтас қағаздан немесе былғарыдан, матадан, картоннан қиып алынған ою-өрнек қима ою деп аталады.

Біз қима ою тәсілін пайдаланамыз. Үш топқа үш түрлі тәсілмен ою ойғызу.

I топ. «Өнерлілер» тобы қағазды бір бүктеп ою.

II топ. «Шеберлер» тобы қағазды екі бүктеп ою.

III топ. «Ісмерлер» тобы қағазды үш бүктеп ою.

Әр оқушының ұтымды шығармашылығына, жұмыс



жасау қабілетіне қарай бағаланады.

Сабақты қорыту, пысықтау.

Сауалнама.

1. Сабақ ұнады ма?
2. Қандай сұрақтарың бар?
3. Сабаққа қатысты пікірлерің.

Үйге тапсырма: келесі сабаққа дайындықпен келу.

**Семантикалық карта**

| № | Ою аттары | Ай, күн, жұлдыздар көк әлеміне байл. | Малдың дене мүшесіне байл. | Аңға байл. ою-өрнек | Жәндіктерге байл. өрнектер | Құстарға байл. | Жер, су, өсімдіктерге байл. | Қару, құралдарға байл. | Геометриялық фигура тектес |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Табан | | | | | | | | |
| 2 | Тырна | | | | | | | | |
| 3 | Ирек | | | | | | | | |
| 4 | Жұлдыз | | | | | | | | |
| 5 | Өркеш | | | | | | | | |
| 6 | Иткұйрық | | | | | | | | |
| 7 | Құсмойын | | | | | | | | |
| 8 | Өткізбе | | | | | | | | |
| 9 | Балдақ | | | | | | | | |
| 10 | Тарақ | | | | | | | | |

# Көркем еңбек

4 сынып

Б.Д. МҰСАБЕКОВА,
Жүсіп Қыдыров атындағы №54 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі
Жаңақорған ауданы, Қызылорда облысы

I. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.
1. Еңбекке баулу сабағында қайшыны дұрыс ұста, инені аузыңа салма, біреуге кезенбе, желімді жалама.

**Технологиялық карта.**
Ақ қағаздан «Аққу» құрағын құрау.

| Реттілігі | Тапсырманы орындауы реттілігі | Сызба бейнесі | Құрал-жабдықтар |
|---|---|---|---|
| 1 | Қағазды өлшеп қиып алу. |  | Сызғыш, қарындаш, қайшы. |
| 2 | Қарама-қарсы үшбұрыштап сызық сызу, қиып алу. | | Сызғыш, қарындаш, қайшы. |
| 3 | Қиылған шаршыны ретімен қағазға жапсыру. | | Қағаз, қиылған шаршы, желім. |
| 4 | Қиылған үшбұрыштарды ретімен қағазға жапсыру. | | Қағаз, қиылған үшбұрыштар, желім. |
| 5 | Үшбұрышты жапсыру арқылы қанатын жапсыру. | | Үшбұрыш, желім. |
| 6 | Құрақ қиықтарының симметриялы орналасуына көңіл бөлу, дұрыс жапсыру арқылы «Аққу» құрағы шығады. |  | Үшбұрыш, желім. |

**Түрлі-түсті қағаздан «Сегіз жапырақ» құрағын құрау**

| Реттілігі | Тапсырманы орындау реттілігі | Сызба бейнесі | Құрал-жабдықтар |
|---|---|---|---|
| 1 | Қағазды өлшеп қиып алу. | | Сызғыш, қарындаш, қайшы. |
| 2 | Қарама-қарсы үшбұрыштап сызық сызу, қиып алу. | | Сызғыш, қарындаш, қайшы. |
| 3 | Қиылған шаршыны ретімен қағазға жапсыру. |  | Қағаз, қиылған шаршы, желім. |
| 4 | Қиылған үшбұрыштарды ретімен қағазға жапсыру. |  | Қағаз, қиылған үшбұрыштар, желім. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Үшбұрышты қарама-қарсы жапсыру. |  | Көк, қызыл, үшбұрыш, желім. |
| 6 | Үшбұрышты ретімен жапсыру арқылы сегіз жапырақ шығады. |  | Көк, қызыл, үшбұрыш, желім. |
| 7 | Құрақ қиықтарының симметриялы орналасуына көңіл бөлу, дұрыс жапсыру арқылы «Сегіз жапырақ» құрағы шығады. |  | Көк, қызыл, үшбұрыш, желім. |

**Түрлі-түсті қағаздан «Қошқармүйіз» құрағын құрау**

| Ретті-лігі | Тапсырманы орындауы реттілігі | Сызба бейнесі | Құрал-жабдықтар |
|---|---|---|---|
| 1 | Көк, қызыл қағазды өлшеп төртбұрышты қиып алу. |  | Сызғыш, қарындаш, қайшы. |
| 2 | Қарама-қарсы үшбұрыштап сызық сызу, қиып алу. |  | Сызғыш, қарындаш, қайшы. |
| 3 | Қиылған көк үшбұрышты ретімен қағазға жапсыру. | | Қағаз, қиылған үшбұрыш, желім. |
| 4 | Қиылған қызыл үшбұрышты ретімен қағазға жапсыру. |  | Қағаз, қиылған үшбұрыштар, желім. |
| 5 | Үшбұрышты қарама-қарсы жапсыру. |  | Көк, қызыл, үшбұрыш, желім. |
| 6 | Үшбұрышты түстердің сәйкес болуына көңіл аудару. |  | Көк, қызыл, үшбұрыш, желім. |
| 7 | Құрақ қиықтарының симметриялы орналасуына көңіл бөлу, дұрыс жапсыру арқылы «Аққу» құрағы шығады. |  | Көк, қызыл, үшбұрыш, желім. |

**Сабақтың мақсаты:**

Білімділік мақсаты: кесте түрлерімен кесте өнерінің тарихымен танысу, алған білімдерін өмірмен байланыстыра білу.

Дамытушылық мақсаты: екі жақтама шым кестенің орындалу әдіс-тәсілдерін меңгеру, қол икемділігін дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: қолөнерді үйрету арқылы атадан қалған салт-дәстүрімізді, елімізді, тілімізді, тарихымызды, ата-баба кәсібін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: баяндау, әңгімелесу, түсіндірмелі-бейнелеу, деңгейлік ойын түрі, жаңа технология элементтерін қолдану.

Пәнаралық байланыс: еңбек, сызу, қазақ тілі, орыс тілі, шет тілдері, тарих, сурет, математика.

Көрнекілік: сурет, трек схемалар, диаграммалар, альбом, буклеттер, үлгілер, журналдар, кодоскоп (эпидиаскоп).

Құрал-жабдықтар: ине, жіп, қайшы, мулине, сызғыш, кергіш, сурет көшіргіш қағаз.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

**Жаңа сабақ.** Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Бұл сабақ күнделікті сабақтан күрделілеу, ерекшелеу екенін айтылады. Зер салып мұқият тыңдаса, бәрін үлгеріп меңгеретінін айтып ескертеді. Оқушылардың назарын тақтаға аударады. Тақтаға сөзжұмбақ ілінеді.

1. Киім тігетін құрал.
2. Құрал-сайман.
3. Саусаққа киілетін зат.
4. Мата кергіш құрал.
5. Кесте тігетін жіп.
6. Кестелеулерге арналған бейне.
7. Кестені неге тігеді.
8. Кестені немен тігеді.

Оқушылар сөзжұмбақтан шыққан сөзді оқиды – «шым кесте». Мұғалім бүгінгі сабақтың тақырыбы шыққанын айтады, тақтаға жазады. Сабақтың мақсатын анықтайды. Ұстаз қолына кестеленген қол орамалды алып көрсетеді. Оқушылардың сабақтың соңында осындай нәтижеге жету керек екенін түсіндіреді. Мақсат шым кестенің екі жақтама түрін тігіп үйрену, әдіс тәсілдерін меңгеру. Мұғалім (қысқа-нұсқа) қысқаша кесте өнері туралы түсінік береді. Тақтаға кестелердің түрлері туралы тірек-схема ілінеді.

**Кестелердің түрлерімен танысу.** Оқушылар үйде дайындаған кестенің тарихы туралы материалдарымен оқушыларды таныстырады. Бір-біріне сұрақтар қояды. Мұғалім әр кесте түріне қысқаша тоқталып өтеді. Кестеленген дайын бұйымдар көрсетіледі. Кестелердің бір-бірінен айырмашылықтарына ерекше көңіл бөледі. Тақтада кестелердің түрлері, жасалу жолдары көрсетілген 2 плакат ілінеді. Еркін кестелер түрлері, шым кестелер түрлері көрсетілген.

Шым деген сөздің мағынасын білесіңдер (анықталады). Кесте мата бетіне шым сияқты төселіп тігілетіндіктен солай аталады. Шым кестенің тігу технологиясына қарай екі жақтама, бір жақтама түрлері болатынын айтады. (Екі түрлі кестелер салыстырылады). Екі жақтама шым кестенің беті астары бірдей тігіледі. Бір жақтама шым кестенің астары бетінен өзгешелеу болады (көрсетеді). Машинамен, қолмен, бізбен тігуге болады. Біз кестені алатын болса, бұл кестемен оқушылар таныс. Олар оны 5 сыныпта орындаған. Бұл кестенің де шым түрі бар.

Машинамен, қолмен, бізбен тігіледі. Киім-кешекті, төсек-орынды әшекейлеуге қолданылады.

Атлас кесте – ақ матаға ақ жіппен орындалады, беті жылтыр құлпырып тұрады (үлгі).

Ришелье кестесінің тарихы қызықты. «Үш ноян» деген кинофильмдегі кординал Ришелье деген кейіпкерді еске

# Екі жақтама шым кесте тігу

**Т.Ә. ЖҮСІПОВА,**
№167 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі,
ҚР-ның оқу ісінің үздігі, Алматы қаласы

түсіру керек (ол қып-қызыл киім киген). Осы ел басқарған ер адам кесте тігуді өте ұнатады екен. Шеберлігі соншалықты өзі кестенің жаңа түрін ойлап шығарған. Бұл кесте сондықтан «Ришелье» кестесі деп аталады. Өте әдемі кестені машинамен, қолмен тігуге болады. Киімдерді, перделерді, қол орамалдарды, дастарқандарды әсемдейді.

**Санамалы кестелер.**

Айқас кестемен оқушылар таныс. Бұл кестенің қарапайым түрін оқушылар орындаған. Кесте шеберлікті қажет етеді. Қолмен тігіледі. Кестенің осы түрі қазір кең тараған. Дүкендерде арнайы бөлімдер бар. Дайын кестелерді көруге болады.

Өткерме кестесі – бұйымдарын шетін өңдеуге өте қолайлы, сондықтан бұл кесте көп қолданылады.

Қиял кестені Өзбекстан кестешілері көп қолданады (орысша роспись деп аталады).

**Топпен жұмыс.**

1-топ – «Шымдар», 2-топ – «Санамалар», 3-топ – «Еркіндер» топтарына тапсырма беріледі.

«Шымдар» – тірек сызбаны пайдалана отырып, кесте тігуге қажетті құрал жабдықтарды анықтайды.

«Санамалар» – кестелеудің технологиясын реттеп анықтайды. «Еркіндер» барлығы ақылдасып «кесте»деген сөзге анықтама береді.

3-топ. Еркіндердің түсіндірмесін тыңдау. Анықтау. (Оқушылар дәптерге жазады).

Кесте дегеніміз – мата бетіне түскен сурет нұсқасын жіппен толтыру. Практикалық жұмысты бастамай тұрып мұғалім оқушыларға бүгінгі сабаққа эпиграмма таңдауды ұсынады. (Тақтаға кесте туралы мақал-мәтелдер ілінеді)

Кестені көңіл сызады,
Қол тігеді, көз сынайды.
Алтын балдақ қол сәні,
Әшекей кесте топ сәні.
**Кестелеу өнері**
Қыз еркем, кестесімен көркем.
Кестенің сыры түрінде,
Кілемнің сыры түгінде.

Оқушылар «Қыз еркем, кестелеп көркем» деген мақалды таңдайды. Алдын ала дайындалған мақал тақтаға ілінеді. Оқушылардың таңдауына қарай мағынасы түсіндіріледі.

**Саламандық жұмыс.** Мұғалім саламандық сабақтың ең күрделі бөлімі екенін ескертеді.

1-инструктаж. Мұғалім кергішке керілген қара түсті матаға (30х45 см) кестенің тігілу әдіс-тәсілін тепен инеге сары түсті жуан жіпті сабақтап алып, оқушыларға көрсетеді (қайталайды). (Көшіргіш қағаз, дайын сурет нұсқасы, технологиялық карта таратылады). Матаға сурет түсіріледі. Оқушылар бір-біріне көмектеседі. Мұғалім кесте тігу ережесін түсіндіреді. (Тақтаға плакат ілінеді)

1. Кестенің бетінде, астарында түйін болмау керек.

2. Мата жіптен көрінбеуі керек.

3. Жіп тартылмайды, бос жатады. Қауіпсіздік ережесі қайталанады.

2-инструктаж. Мұғалім жеке оқушыларға көмек көрсетеді. Тексереді. Қателерін түзетіп, тігуді жалғастыруға рұқсат береді. Осы кезде осы сыныптың оқушысы немесе қонаққа шақырылған өнерпаз өлең айтады, домбыра, гитара тартады (музыка тыңдауға, өлең айтуға ән орындауға болады).

3-инструктаж. Мұғалім оқушыларға бір-бірінің жұмысын тексеруге рұқсат береді, содан соң өзі тексереді. Ерекше орындалған жұмыстарды көрсетеді. Жалпы оқушылардың жіберген қателерін өздерімен бірге талқылайды. Кестелер бағаланады. Венн диаграммасы қолданылып сабақ қорытылады.

1. Пысықтау үшін мұғалім бірнеше сұрақтар қояды (тест сұрақтары).

2. Ойын. Сабақта қолданған дайын кестеленген бұйымдарды мұғалім бір жерге жинайды. 3 оқушы 3 топтан шақырылады. 2 оқушы (еркіндер, санамалар) кестелерді 2 топқа бөледі, 3-оқушы тексеріп, көмектесіп тұрады. Соңында кестелер еркін кестелер және санамалы кестелер болып 2 топқа бөлінеді. Оқушылар тексеріп анықтайды. Дұрыс, қатесіз орындалған жұмысқа жақсы баға беріледі.

Мұғалім оқушылардың жақсы жұмыс жасағанын айтады, үйге берілетін тапсырманы түсіндіреді. Барлығына ізгілендіру диаграммасы таратылады. Оқушылар оны үйден толтырады, кестені тігуді жалғастырады. Күнделікке баға қойылады.

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

# Машинатану

**Ж.У. АЛИМБЕКОВА,**
М. Горький атындағы орта мектеп,
Шардара қаласы, ОҚО

**Білімділік мақсаты:** қазақ ауыз әдебиетін құрметтеуге, оны сүйіп оқуға баулу. Машинатану бөлімімен таныстыру;

**Дамытушылық мақсаты:** оқушының шығармашылығын, қолөнер шеберлігін ұйымдастырушылық қабілетін дамыту;

**Тәрбиелік мақсаты:** ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, әдемілікке, тіл мәдениетіне, жаңа заман талабына сай тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: көрнекті құралдар, тігін машиналар, плакаттар, карточкалар.

Сабақ түрі: ертегі сабақ, ойын сабақ, саламандық жұмыс.

Әдіс-тәсілдер: қайталау, ойнау, баяндау, жаттықтыру.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, сурет.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушыларды түгендеу;

ә) Сабаққа дайындықтарын тексеру.

2. Өткен тақырыпты қайталау. (Ертегі сабақ)

**«Алтын сақа» ертегісі.** Бүгінгі сабағымыздың мақсаты «Алтын сақа» ертегісі арқылы өткен тақырыпты, қазақ халқының салт-дәстүрін қалай меңгергендеріңді сынау және тігін машинасының шығу тарихымен, бөлшектерімен, тігін машинада жұмыс істеу ережелерімен таныстыру.

Ортаға мал жайып шал шығады.

- Шек, әй, кебенек! Мына ешкілер әбден мазамды алды, қой бақтым, қоңырау тақтым, сиыр бақтым, сидаң қақтым, ешкі бақтым, еңіреп бақтым деген осы екен ғой – деп отыра келгенде, артынан келген мыстан кемпір шалды қылқындырады.

- Ұсталдың ба, бәлем?

- Ойбай, ойбай, жаным шығып барады, жіберші! Мыстан.

- Сен маған не бересің?

Шал: - Бір қора қой беремін.

Мыстан:

- Жоқ, оған риза емеспін.

Шал: - Бір үйір жылқы берейін.

Мыстан: - Жоқ оған да риза емеспін.

Шал: - Онда жалғыз Кенжебек деген ұлым бар, соны берейін.

- Онда, келісемін, оны қайтып бересің?

Шал: - Баламның алтын сақасы бар, соны саған беріп кетейін, балам алтын сақасын іздеп келгенде оны ұстап ал – деп, шал сақаны мыстанға беріп кетеді. Біраз уақыт өткен соң бала келеді.

Бала: - Апа, апа, анау алтын сақаны маған лақтырып жібериңізші?

Мыстан.

- Ой, балам, отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын, өзің ал. Бала сақаны алмақшы болғанда мыстан оны ұстап алады.

Кенжебекті ауылдың қыздары іздеп шығады.

- Апа, Кенжебекті жіберші.

Мыстан.

- Менің бірнеше шарттарым бар. Соларды орындасаңдар Кенжебекті жіберемін.

- Келістік апа.

- «Ата мұраң асыл қазынаң» деп айтады. Қазақ салт-дәстүрлерін қалай білетіндеріңді сынаймын.

1. Байғазы дегеніміз не?

2. Құрақ сөзі не мағынаны білдіреді?

3. Көрімдік дегеніміз не?

4. Жасау, енші дегеніміз не?

5. Қандай ою-өрнектерді білесіңдер?

6. Сәукеле дегеніміз не?

7. Қазақтың ұлттық ер киімдерін атаңдар.

8. Қазақтың ұлттық әйел киімдерін атаңдар.

- Келесі шартым («Шеше көрген тон пішер») деген аталы сөз бар. Маған қолөнерлеріңді көрсетіңдер.

Әр оқушы өздерінің жасаған жұмыстарын жасалу ретімен айтып көрмеге апарып қояды.

Мыстан. - Кеше шапанымды тігіп отырып инемді жерге қойғанмын. *Бір айналып келіп, оны басып кеттім.* Аяғым ауырып, баса алмай қалдым.

Мұғалім. - Қыздар, мыстан қандай ережені сақтамады?

Оқушылар тігу барысындағы қауіпсіздік ережелерін айтып береді.

- Апа, енді Кенжебекті жібересіз бе?

Мыстан кемпір.

- Сендердің кеңестерің менікінен мүлдем басқа екен. Ендеше менің кеңестерімді тыңдаңдар.

1. Қайшы, ине, түйреуішті барлық жерлерге қойып шығыңдар, оңай табасыңдар.

2. Егер қайшыны беретін болсаң, ұшын қолына тығып ал, қызық болады.

3. Тот басқан инелер, өтпейтін қайшылар – сенің достарың.

4. Жұмыс орнында зат көп шашылып жатса, жақсы болады. Керегіңді оңай табасың.

5. Тігу барысында инені аузыңда ұста, сонда ешкім таба алмайды.

6. Жіпті тіспен үзу керек, оған қайшының қажеті жоқ.

Мұғалім. - Көрдіңіз бе апа, біздің ережелерімізді сақтағаныңызда, аяғыңыз аман сау болар еді. Сол үшін қауіпсіздік ережелерді жаттап, әрдайым сақтап жүріңіз. Ендеше ақ жаулықты апамыздың пайдалы кеңестерін тыңдайық.

- Амансыздар ма, құрметті қонақтар мен оқушылар!

Мен жылдар бойы жинаған пайдалы кеңестерімді сіздермен бөлісейін деп келдім.

- Ине сақтайтын қораптың түбіне магнит салып қойсаңыздар, инелеріңіз ешқашан шашылмайды.

- Ине тот баспас үшін оны сабынға тығып қою керек.

- Егер үтіктің табанына синтетикалық талшықтар жабысса, оны ацетонмен тазалауға болады.

- Ау, мыстан, сен жаман әдеттеріңді таста. Одан қайта мен сені қонаққа шақырайын.

Мыстан. - Мені бірінші рет қонаққа шақырып тұр, маған не істеу керек, не істемеу керек екенін де білмеймін.

Мұғалім. - Апа ренжімеңіз, олардың бәрін біздің қыздарымыздан үйренуіңізге болады.

Оқушылар тамақтану тәртібін үйретеді.

Тамақтану алдында, соңында қол жуылады.

Тамақты әркім өз алдынан жеу керек. Ыстық тамақты, шайды үрлеп суытуға болмайды.

Тамақты аз-аздан алып асықпай шайнап жейді.

Нан қатты екен, тамақ шала піскен екен, күйіп кеткен т.б. сөздерді айтып нанды, тамақты сынауға болмайды.

Дастарқан басында мағынасыз әңгімелер айтылмауы тиіс.

Дастарқанды, тамақты, ыдысты аттамайды.

Мыстан кемпір. - Қыздар, сендерден көп нәрсе үйрендім, рақмет, енді Кенжебекті қайтарып берейін, атасы қуанып қалсын.

Мұғалім. - Ал балалар, Кенжебекті мыстаннан аман алып қалғандарың қандай жақсы болды. Мыстан кемпір де сендерге риза болды. Енді жаман қасиеттерінен арылып, жақсы жолға түседі деген үміттеміз.

**Карточкамен жұмыс.** Алдыңғы сабақта тігін машинаның құрылысымен, бөлшектерімен танысқан едік. Сол тақырыпты қалай меңгергендеріңді тексеру үшін мына карточкаларды таратып беремін. Жоғарғы жағына аты-жөндеріңді жазып, суреттегі бөлшектердің қалай аталатынын жазыңдар. 1 минут уақыт беріледі.

Енді карточкаларыңмен ауысып тексеріңдер және бағалаңдар.

Әр қате жауапқа 1 балл төмендетіңдер.

Мұғалім. - Балалар, сендерге жұмбақ жасырамын, сендер шешуін табыңдар.

**Жұмбақтар.**

Тап-тап тап жорға, табаны жоқ боз жорға.
Желіп кетсе жеткізбес, жерге түссе таптырмас. \Ине\
Өзгеге киін деймін, өзім киінбеймін. \Тігін машинасы\
Көрмедім еш үйінді, қолданбас бұл бұйымды.
Жазып қыртыс-тыртысын, қонымды етер киімді. \Үтік\
Басы да екеу, аяғы да екеу. \Қайшы\
Болсын мейлі киімің, болсын мейлі бұйымың
Жатқызады тігісін, жатқызады қыртысын.
Тоқпен ғана тіл алар, қажетті зат жұрт үшін. \Үтік\
Сұңғи-сұңғи, сүйретпемді жоғалттым. \Сабақтаулы ине\

Тігу барысында бірнеше құрал-саймандармен жұмыс істейміз. Сол құралдардың шығу тарихы жайлы қыздардың дайындап келген үй жұмыстарын тыңдайық.

1. Үтіктің шығу тарихы
2. Иненің шығу тарихы
3. Түйреуіштің шығу тарихы
4. Қайшының шығу тарихы
5. Оймақтың шығу тарихы

3. Жаңа тақырып. Дәптермен жұмыс.

15 ғасыр – Леонардо да Винчи – тігін машинаның жобасын ұсынды.

1755 жыл – Англия. Карл Вейзенталь – бір жіпті тігін машинасын ойлап тапты.

1834 жыл Уолтер Хант шөрнекті машина жасады.

1844-1845 жыл – АҚШ. Элиос Хоу – бір қалыпты жұмыс істейтін тігін машинасын ұсынды, тігін машинаның әкесі деп аталды.

1870 жыл – АҚШ-та Исаак Зингер – «Зингер» фирмасын ашты.

1900 жыл – Ресейде Подольск қаласында «Зингер» зауыты ашылды.

**Тігін машинаның инесі.**




1 – колба
2 – қысқа және ұзын ойық сызықшалары
3 – алмас
4 – көзі
5 – ұшы

**3. Тігін машинаның құрылысы:**

1 табан, 2 басутабан, 3 маңдайша, 4 үстіңгі жіпті реттегіш, 5 жіптартқыш, 6 басу табанды реттегіш бұранда, 7 қол, 8 жіп арбағышы, 9 маховик, 10 жіптөккіш, 11 тіпс адымын реттегіш, 12 жіп төккішті реттегіш, 13 тісті реттегіш қолша, 14 ине ұстағыш, 15 ине пластинасы, 16 мата жылжытқыш, 17 шөрнек құрылысы, 18 жылжымалы пластина, 19 ине, 20 қол жетекші.



4 Сарамандық жұмыс: Тігін машинасын жұмысқа дайындау. Тігін машинасымен жұмыс істеуден бұрын оны әзірлейді.

Үстіңгі, астыңғы жіптерді өткізіп алады.

Тігін машинаның үстіңгі жібін өткізу ережесі.

1. Жіпті жіп арбағышына қою.
2. Жіпті тетіктерінен өткізу.
3. Жіпті үстіңгі жіп реттегіштен өткізу.
4. Жіп тартқыштан өткізу.
5. Ине ұстағыштағы ілгектен өткізу.
6. Инені сабақтау (оңнан солға қарай)

Астыңғы жіпті өткізу ережесі:

1. Шпулькаға жіп орау.
2. Шөрнекке дұрыстап салу.
3. Шөрнекті орнына орналастыру.
4. Астыңғы жіпті шығару.
5. Екі жіпті де басу табанның астынан өткізу.

Машинада дұрыс отыру тәсілі:

- жұмыс орнына жарық сол жақтан немесе алдыңғы жақтан түсу керек.
- отыратын орындықпен тігін машинасының арақашықтығы 10-15 см болу керек;
- құрал-жабдықтар арнайы қорапта тұру қажет;
- үстелдің бетінде тек қана тігілетін бұйым жатуы тиіс;
- тігін машинасының айналатын бөлшектеріне тым жақындамаңдар.

**Жаңа сабақты бекіту.**

Сабақ барысында жаңа тақырыптың мазмұнын, заңдылықтарын түсінгендерін анықтау, оқушылардың жаңа материалдар бойынша жұмыс істей алатындай білімдері мен дағдыларын қалыптастыра отырып, машинатану бөлімінен бірнеше сұрақ беріліп талдау жасалынады.

5. Оқушыларды бағалау.

Жұмыс қорытындысын шығару. Сынып қалай жұмыс істеді. Қай оқушы ерекше тырысты. Оқушы қандай жаңа нәрсені үйренді. Оқушыларды салыстырмалы түрде бағалау.

6 Үйге тапсырма. Мата қалдықтарын әкелу, машинатану бөлімінен сынақ хатқа дайындалып келу.

# Жапсырма қалтаны өңдеу

**Дариға Жиенәліқызы ШАҒЫРОВА,**
№34 орта мектебінің мұғалімі, Тараз қаласы

**Сабақтың мақсаты:** жапсырма қалтаны өңдеуді үйрету;

Басты нәрсені ажыратуға, теңей білу қабілетін дамыту;

Еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, өзіне талап қоя білуге тәрбиелеу;

Классикалық музыка негізінде мәдениеттің жалпы деңгейін көтеру.

**Сабақтың міндеттері:** қалта туралы тарихи мәліметтермен, оның қазіргі заманғы киімдердегі рөлімен таныстыру, көз қырағылығын жаттықтыру, ұжымда жұмыс істеуге дағдыландыру, тігістерді ұқыпты орындауға үйрету.

**Сабақтың типі:** жаңа сабақты (білімді) игеру.

**Сабақтың түрі:** ойын «Қалта еліне саяхат»

**Сабақта қолданатын әдістер:** иллюстративті түсіндірмелі әдіс.

**Сабақтың құрал-жабдығы:** әр түрлі қалта үлгілері, пішілген қалталар, нұсқау карталар. DVD, теледидар, тігін құрал-жабдықтар.

**Сабақтың жоспары:**

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Үй тапсырмасын тексеру.
3. Білімді белсенді игеруге дайындық.
4. Жаңа сабақты түсіндіру.
5. Сарамандық жұмыс.
6. Сабақты бекіту.
7. Бағалау.

Сабақтың барысы.

1. Оқушыларды түгелдеу.

2. Қалтадағы сызықтар үстінен бір қабат жіппен із салып шығу. Тексеріп, баға қою.

- Алжапқыштың шеттері қандай тігіспен өңделді? (Жабық қиықты жөрмеу)
- Неге қалтадағы сызықтар үстінен жіппен із салады?

3. Біз бүгін «Қалта еліне» саяхатқа барамыз.

Жолға шығар алдында қалта не екенін анықтап алайық.

- Қалта дегеніміз не?
- Иә, бұл майда заттарды салатын киімге тігілген кішкентай қапшық.

**Қалта оқиғасы.**

Күнделікті көріп жүрген заттардың тарихының қызықтылығын әркім ойлай бермейді. Жай мысал, сіздер микротолқындық пештерді қандай жағдайда ойлап тапқанын білесіңдер ме? Американдық инженер Перси Спенсер жұмыс істеп тұрған радардың қасынан өту сәтінде, қолын қалтасына салды. Бұл оған көптеген миллиондаған пайда келтірді. Оның қалтасындағы шоколад еріген, себебі белгілі бір жиілік сәулесінде өте көп жылу бөлінуі байқалады. Осылайша микротолқындық пеш ойлап табылды. 1945 жылы Спенсер микротолқындық пештерді тамақ әзірлеу үшін пайдалануға патент алды.

**Сонымен тарихтың көгілдір парағын ашайық.**

Бұрынғы заманда киімдердің қалтасы болмаған. Ұзын жейденің белін буып, кеуде тұсын кеңейтіп, соны қалта есебінде қолданған. Содан соң керекті ұсақ-түйек қажет заттары мен ақшаларын арнайы тігілген қапшықтарға салатын болған. Осы қалтаның пайда болуына байланысты мақал-мәтелдер бар.

Жақсы жігіт сапардан:
Алдына мал сап қайтады.
Жаман жігіт сапардан:
Қалтасын қағып қайтады.

Ақша болса қалтаңда,
Талтаңда да, талтаңда.

XII ғасырдың өзінде Еуропада әйелдер де, ерлер де қалта не екенін білмеді. Крест жорығы кезінде Шығыстан

келген көп жаңалықтың ішінде ақша салуға арналған «сарацин қапшықтары» да болды. Алғашында әйелдер де, ерлер де кішкене қапшықты беліне байласа, кейін оның түрі өзгеріп, ерлердің киіміне қалта тігіле бастады. Ең алғаш киімге тігілетін қалталар XVII ғасырда Людовик XIV-нің атақты қамзолында тігілді. Кейінірек қалталар кеудешелерге, сосын шалбарларға тігіле бастады.

**Тарихтың сарғылт парағын ашамыз.**

XVII ғасыр. Әйелдердің белінде ұсақ заттарға арналған әшекейленген қалталар болған.

XVIII ғасыр. Киіммен бірге тігілген қалталар ғасыр соңында пайда болды.

XIX ғасырда қалталар ерлер киімінде кең тараған, ал ғасыр аяғында жұмыс істейтін әйелдер киімінде пайда болды.

**Тарихтың қызғылт парағын ашамыз.**

XX ғасыр. Қалталы киімдердің көп тараған кезі. Олар барлық жерде күнделікті спорттық, салтанатты және басқа киім түрлеріне де тігілетін еді.

Өңдеу әдісіне байланысты қалталардың 4 түрі бар: тілме, тігістегі қиық (подкройной); жапсырма.

Жапсырма қалталар пішініне қарай алуан түрлі, осы туралы бізге тарихтың жасыл парағы баяндайды.

Сондай-ақ осы бетте біз жапсырма қалталарды әшекейлеудің көптеген әдістерін көреміз. Олар: желбір қатпар, әшекей таспа (тесьма), кестелеу.

Енді біз «Қалта елі» тарихының көк парағына келдік.

Бұл – жапсырма қалта. Осындай қалта тігу үшін не істеу керек? (Оқушылардың жауабы: қалтаның үстіңгі жағын қайырып тігеді, шеттерін көктейді).

Жапсырма қалтаны өңдеу туралы тарихтың сары парағында айқындап айтылады.

5. Нұсқау картамен жұмыс істеу.

Жұмысқа кіресер алдында техника қауіпсіздік ережелерін қайталайық:

Машинаға отырдық
Ережені оқыдық.
Саусақтарды ептеп біз -
Инеден алыс ұстадық.
Шашымызды буайық.
Орамалмен орайық.
Арқамызды түзу ұстап
Ал, тігісті бастайық!
Тісіңіз бен ішіңіз
Ауырмасын десеңіз -
Түйреуіш пен инені
Ауызға салуға
Болмайтынын біліңіз!
Үстелге қоям қайшыны
Сабын бері қаратып,
Саған берем қайшыны
Сабын саған қаратып.
Үстел күйсін демесең -
Үтікті қой орнына
Сымы астында қалмасын -
Оны да бір абайла
Сымы күйіп қалмасын
Киім күйіп тозбасын.
Тоққа жалғап үтігің
Таңға дейін қалмасын!

**Сарамандық жұмыс.**

Қалтаны өңдеу.

Оқушылардың жұмысын тексеріп баға қою.

6. Біздің саяхатымыз ұнады ма?

Қайтар билетіміз – мына кроссвордта жасырылған сөз.

1. Тамақ әзірлегенде тағылатын бұйым. (Алжапқыш)
2. Матада негізгі және қандай жіптер болады? (Арқау)
3. Киім үлгілерін кім ойлап табады?(Модельер)
4. Киімдердің бөлшектері не арқылы қосылады? (Тігіс)
5. Қолмен тіккен кезінде пайдаланылатын зат. (Оймақ)

Сонымен, саяхатымыздан қайтып оралдық. Жаңа және пайдалы нені үйрендік?

Ал екінші сабақта қалтаны алжапқышқа қосамыз.

**Жапсырма қалтаны өңдеу**

| I кезең | II кезең |
|---|---|
| 1. 3 см бет жағына қайырады | 1. Аударып, бұрышты түзету |
| 2. 1 см теріс жағына қайырады | 2. Көктеу |
| 3. Көктеу | 3. Тігу |
| 4. Тігу | 4. 1 см теріс жағына қайырады |
| 5. Бұрышты қию | 5. Үтіктеу |

**Жібек Сайырманқызы ИМАНҒАЛИЕВА,**
Тайпақ орта мектебі, Ақжайық ауданы, Қарауылтөбе ауылы, БҚО

# 6-7 сыныптарға арналып жасалған «Тағам даярлау технологиясы» және «Қолөнер, тігін бұйымдарын модельдеу» бөлімдері бойынша тест тапсырмалары

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде оқу үрдісінің басты нысанасы да, назарда ұстаған негізгі мақсаты да оқушы қабілеті мен қызығушылығын ескеріп, жекелеген пәндер бойынша деңгейлік саралап оқытуды ұйымдастыру.

Ал, технология пәні бойынша жаңа технологияларды, жаңа кәсіптерді меңгертуде үлкен жауапкершілік жүктеледі. Қазіргі қоғамда негізгі міндеттерді жоғары дәрежеде дамыған технология атқарады. Ақпараттандырылған технология талабы – жобалай білуге, шешім қабылдауға, шығармашылық жұмыстарды орындай білуге үйрету.

Жаңалық жаршысындай технология пәні де жаңа стандарт оқулықтармен оқытылуда. Оқулықта оқушының білімін тереңдетуде, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, этика, эстетикалық талғамын, қол шеберлігін дамыту бағытындағы тақырыптар тиімді жоспарланған.

6-7 сынып технология оқулығында берілген тақырыптарды жетік меңгеріп, саламандық дағдыларды өз бетімен орындау талабын тексеру мақсатында тест тапсырмалары беріледі.

Бұл тест тапсырмалары қыз балаларға арналған «Тағам даярлау технологиясы» және «Қолөнер, тігін бұйымдарын модельдеу» бөлімдерін қамтиды.

Тест жинағы – оқушыға таным, ал ұстаздарға оқушының білім деңгейін тексеруде көмекші құрал болары сөзсіз.

**6 сынып. «Тағам даярлау технологиясы» бөлімі бойынша берілген тест сұрақтары.**

1. Жалын пештер қандай тағам даярлауға арналған?
А. көуап даярлауға, ет қуыруға В. бұқтыруға
С. қайнатып пісіруге Д. булауға

2. Сұйық тағам даярлаған кезде суды қандай мөлшерде кем алады? А. 5/10 В. 2/10 С. 3/10 Д. 1/10

3. Қышқыл мен сілтінің әсерінен бетіндегі пленкасы бұзылатын қандай ыдыс?
А. шойын ыдыс В. шыны ыдыс
С. алюминий ыдыс Д. қыш ыдыс

4. Судың азықтық салмағын стаканмен өлшегенде қанша грамм? А. 150 гр. В. 200 гр. С. 100 гр. Д. 250 гр.

5. Ұнның азықтық салмағын ас қасықпен өлшегенде қанша грамм? А. 25 гр. В. 30 гр. С. 50 гр. Д. 20 гр.

6. Құмшекердің азықтық салмағын стаканмен өлшегенде қанша грамм?
А. 160 гр. В. 180 гр. С. 200 гр. Д. 250 гр.

7. Қыздырып өңдеудің негізгі әдісін ата.
А. қайнатып пісіру, қуыру С. шала қуыру
В. бұқтыру, қыздырып пісіру Д. булау

8. Пісірген кезде қандай көкөністер өз түсін жоғалтады?
А. орамжапырақ, бұрыш С. сарымсақ, картоп
В. сәбіз, асқабақ, қызанақ Д. кәді, баклажан

9. Қандай өсімдіктерді тұзсыз пісіреді?
А. асқабақ, картоп С. бұршақ, қызылша, сәбіз
В. орамжапырақ, бұрыш Д. қызанақ

10. Езілген картоптан котлет жасау үшін неше градусқа дейін салқындатады?
А. +40°С В. +30°С С. +50°С Д. +60°С

11. Құрамында крахмалы көп жармаларды ата.
А. күріш, манка, арпа С. қарақұмық
В. сұлы, тары Д. күріш, геркулес

12. Құрамында беклоктары көп жармаларды ата.
А. күріш, манка С. сұлы, қарақұмық, тары
В. бидай, жүгері Д. арпа

13. «Әсімдік еті» деп қандай дақылдарды айтады?
А. бұршақ дақылдар С. дәнді дақылдар
В. жармалар Д. қарақұмық

14. Тағамның құндылығына қарай сояның құрамында қанша пайыз май болады?
А. 30% белок, 23 % май С. 27% белок, 19% май
В. 28% белок, 21% май Д. 33% белок, 20% май

15. Макарон өнімдерін неше тәсілмен пісіреді?
А. 3 тәсілмен С. 2 тәсілмен
В. 5 тәсілмен Д. 4 тәсілмен

16. 1 кг күріштен үгілмелі ботқа пісіру үшін қанша литр сұйық қажет?
А. 2 л В. 1,5 л С. 3,2 л Д. 2,4 л

17. Кеспенің пісу уақытын көрсет.
А. 20-30 мин. В. 15-20 мин
С. 10-12 мин Д. 20-25 мин.

18. Сүттің құрамында белок қанша пайыз шамасында?
А. 1,2-2,5% В. 2,5-3,0% С. 2,8-3,5% Д. 3,1-3,8%

19. Сүттегі майдың мөлшері шамамен қанша?
А. 2,8-3,5% В. 3,2-4% С. 1-1,5% Д. 3,8-5,5%

20. Сүттегі минералды заттардың ең маңыздысын ата.
А. көмірсутегі В. минералды тұздар
С. темір, калий Д. кальций, фосфор

21. Ацидофилин диеталық тағамын дайындау үшін қыздырылған сүтті неше градусқа дейін суытады?
А. 45-50°С В. 30-32°С С. 35-37°С Д. 75-85°С

22. Қандай дәрумендер сарымайға сары түс береді?
А. кальций В. фосфор
С. тұздар Д. А және каротин дәрумендер

23. Қымызды қандай ауруға қарсы ем ретінде қолданады?
А. жүрек ауруларына С. қан ауруларына
В. туберкулез ауруларына Д. ішек ауруларына

24. Шұбатты қай малдың сүтінен ашытады?
А. қой сүтінен В. сиыр сүтінен
С. түйе сүтінен Д. жылқы сүтінен

25. Қандай сүтті ішуге болмайды?
А. ширі В. салқын С. піскен Д. ыссы

**6 сынып. Қолөнер, тігін бұйымдарын модельдеу бөлімі бойынша берілген тест сұрақтары.**

1. Табиғи талшықтар неден алынады?
А. мұнайдан В. өсімдіктерден
С. жануарлардан Д. газдан

2. Табиғи жібек неден алынады?
А. түбіттен В. мақтадан
С. тұт жібек құртынан Д. зығырдан

3. Ирек талшықтардың ең басты қасиетін ата.
А. жылу сақтағыш В. ауа өткізгіш
С. ылғал өткізгіш Д. сетінегіш

4. Талшықтың жұмырлығы матаның қандай қасиетіне әсер етеді?
А. беріктігіне С. отыруына

В. қыртысталуына Д. төзімділігіне
5. Матаның физикалық-механикалық қасиетін ата
А. беріктігі, қыртыстануы В. отыруы
С. сетінеуі Д. шаң өткізгіштігі
6. Матаның технологиялық қасиетін ата
А. жылу сақтағыштығы
В. ауа өткізгіштігі
С. отыруы, сетінеуі, тігістен отыруы
Д. қыртыстануы
7. Матаның гигиеналық қасиеттерін ата
А. жылтырлығы, беріктігі
В. тез сетінегіш, тігістен ыдырауы
С. қыртыстануы, отыруы
Д. ылғал, жылу, шаң, ауа өткізгіштігі
8. Жүн маталардың жуылу t°-сын көрсет.
А t 30-45°С В t 40-45°С С. t 45-50°С Д t 25°-30°С
9. Жібек маталардың ылғалды-жылумен өңдеу t-сын көрсет
А t 150-160°С В t 160-200°С
С t 50-150°С Д t 100-170°С
10. Кездемелік айқаспада негізгі жіп және арқау жіп қалай айқасады?
А. сирек В. өте сирек С. жиі Д. өте жиі
11. Атластық айқаспада негізгі жіп неше арқау жіпті қамтиды?
А. 1 жіпті В 4 жіпті С 2 жіпті Д 3 жіпті
12. Саржалық айқаспада матаның беті қандай болады?
А. бедерлі В. тегіс С. жылтыр Д. әр түрлі
13. Сәтендік айқаспада матаның сетінеуі қандай?
А. аз В. жақсы С орташа Д күшті
14. Кездемелік айқаспада матаның созылуы қандай?
А. жоғары В төмен С. аз Д. өте жоғары
15. Тігіс ұзындығын неше мм-ге дейін өзгертуге болады?
А. 0-ден - 1 мм дейін В. 0-ден - 4 мм дейін
С. 0-ден - 3 мм дейін
16. Үстіңгі жіпті реттеуіштің бөлшектерін ұстау үшін қажет бөлшекті ата.
А. қалпақ В. бұрандалық
С. ұстатқыш шеге Д. тартқыш серіппе
17. Тартқыш тығырықтарды бір-бірінe қысып тұратын бөлшекті ата?
А. тарту серіппе В. ұстатқыш шеге
С. тартқыш шайба Д. қалпақ
18. Үстіңгі және астыңғы жіптердің қатты тартылуынан пайда болатын тігісті ата
А. бос тігіс В. тығыз тігіс С ірі тігіс Д. уақ тігіс
19. Машина инесінің қай бөлігін қолба деп атайды?
А. ұшын В. жіңішке бөлігін
С. стержен Д. жуан бөлігін
20. Жұқа (бәтес, жібек) маталарды қандай № инелермен тігеді?
А. №70 В. №90 С №100 Д.№80
21. Қалың (драп) жүн маталарды қандай № инелермен тігуге болады?
А № 90-100 В №80-90 С №110-120 Д. №70-80
22. Костюмдік жүн маталарды тігуге арналған мақта жіптің № ата
А. №40 В №80 С. №50 Д №60
23. Сәтен, шыт, жібек маталарды тігуге арналған жібек жіптің № қандай?
А №60 В №75 С №70 Д. №65
24. Машина тігістерін атаңдар.
А. көктеу, жөрмеу С. крестеп тігу
В. қайып тігу, бастыра тігу Д. кестелеу тігісі
25. Халқымыздың ежелден келе жатқан кәсібін ата.
А. қолөнер В бейнелеу
С. музыка Д. дизайн

**7 сынып. «Тамақ әзірлеу технологиясы» бөлімі бойынша берілген тест сұрақтары.**

1. Көкөністерді табаларда пісіру температурасын көрсет
А. t 200-220°С В. t 220-230°С
С. t 250-280°С Д. t 280-300°С
2. Қандай көкөністер шикілей фарштaлады?
А. баклажан, қызанақ В. кәді баклажан
С. бұрыш, кәді Д. орамжапырақ, кәді
3. Сумен қосылғанда көтерілетін тығыз жақсы созылатын ақ қоспаны құрайтын белокты зат
А. желатин В. май С. ұлпа Д. крахмал
4. 1,5 ас қасық жұмыртқа ұнтағы қанша грамм болады? А. 10 гр В. 13 гр. С. 15 гр Д 18 гр
5. Көпіршік кілегей кремін әзірлеу үшін майлылығы қанша пайыз кілегей қажет?
А. 25 В. 28 С. 30 Д. 35
6. Кристалды, ақ түсті, иісі жоқ, дәмі тәтті өнім не?
А. құмшекер В сүзбе С крахмал Д ұн
7. Құрамында 40-тан 70%-ға дейін май белок бар жидекті ата?
А. цитрус жемісі В. жаңғақ С бадам Д. жүзім
8. Салмағы бойынша құрғақ ашытқы таза ашытқыдан неше есе аз болуы керек?
А. 5 еседей В 4 еседей С. 2 еседей Д 3 еседей
9. Мал сүйегінен шығарылатын дәмі, иісі жоқ мөлдір тағам желімі, ұнтақ сары түстес түйіршіктерді ата
А. крахмал В. желатин С. сода Д. май
10. Өте күшті жағымды иісі бар, түсі ақ кристалл ұнтақ не?
А. тамақ содасы В. тағам бояуы
С. ванилин Д. құмшекер
11. Қарапайым тұщы қамырдан қандай тағамдар әзірленеді?
А. самса, манты В. оладий
С. құймақ Д. тәтті тоқаш
12. Құймақ қамыры табаға жабыспауы үшін не қосады?
А. май В. су С. жұмыртқа Д. сүт
13. Оладий қамыры қасыққа жабысып қалмауы үшін қайда батырғаны жөн?
А. майға В суға С жұмыртқаға Д. сүтке
14. Үгілмелі қамырға қандай май қосқан дұрыс?
А. өсімдік майын В. сарымайды
С. мал майын Д. маргарин
15. Үгілмелі қамыр жаю үшін қолайлы температураны көрсет.
А 0-10°С В 15-20°С С 20-25°С Д 25-30°С
16. Үгілмелі қамырдан жасалған тағамдарды қандай температурада пісіреді?
А.180-220°С В.150-180°С С 220-250°С Д. 250-270°С
17. Үлкен жайпақ тәрелкелерді үстел шетінен қанша см-ге қашық қояды?
А. 8-10 см В.10-15 см С. 2-3 см Д. 4-5 см
18. Фуршет дастарқанына фужерлерді неше жерге, неше данадан қояды?
А. 5-6 жерден, 2-3 данадан
В. 2-3 жерден, 10-15 данадан
С. 4-5 жерден, 12-14 данадан
Д. 7-8 жерден, 7-8 данадан
19. Егер соустың тұзы артып кетсе не салу керек?
А. шикі асқабақ В. томат-пюре
С. шикі картоп, бір түйір қант Д. аскөк, жуа
20. "Голубцы" дайындаудағы негізгі шикізат не?
А. орамжапырақ В. бұрыш
С. қызанақ Д. баклажан
21. Жемістерін пайдаланатын бақша өсімдіктерін ата?
А. аскөк, қызанақ, жуа В. салат, қияр
С. қызанақ, қияр, бұрыш Д. сәбіз, қызылша

22. Жапырақтарын тағам ретінде пайдаланатын өсімдіктерді ата?
А. сәбіз, қызылша В. бұрыш, баклажан
С. қияр, қызанақ Д. орамжапырақ, аскөк
23. Тамырлары тағам дайындауға қолданылатын көкөністерді ата?
А. бұрыш В. сәбіз, қызылша
С. баклажан, бұрыш Д. қияр, қызанақ
24. Дақылдарға қандай элемент жетіспесе түйнектемейді?
А. фосфор В. азот С. калий Д. темір
25. Көшет арқылы отырғызылатын көкөністерді ата
А. сәбіз, қызылша В. бұрыш, орамжапырақ
С. асқабақ, бұрыш Д. қауын, қарбыз

**7 сынып. «Тігін бұйымдарын модельдеу» бөлімі бойынша берілген тест сұрақтары**

1. Иық бұйымдарын ата:
А. тон, қамзол В. белдемше,тон
С. шалбар, қамзол Д. белдемше, костюм
2. Иық бұйымдарының айырмашылығы неде?
А. етегі В. белі
С. мойын, қолтық ойындылары Д. қаттамалары
3. Ерлер киімінде түймөліктің орны қалай бағытталады?
А. солдан оңға В. оңнан солға
С. ортаға Д. шетке
4. Силуэт түрлерін көрсет:
А. тұтас, құрастырмалы В. жеңді, жеңсіз
С. тік, қынамалы, жартылай қынамалы
Д. жағасыз, жағалы
5. Пішім түрлері қандай болады?
А. тік, қынамалы
В. тұтас, қондырмалы, құрастырмалы
С. қынамалы, жартылай қынамалы
Д. тұтас, құрастырмалы
6. Қамзол қандай материалдан тігіледі?
А. сәтен, жібек, барқыт
В. пүліш, барқыт, шұға
С. атлас, сәтен, жібек
Д. драп пүліш, шұға
7. Қамзол өңірі қандай өрнек түрлерімен өңделеді?
А. моншақтар В. баулар
С. ою-өрнектер Д. кестелер
8. Бел бүкпесі қалай тігіледі?
А. басынан ортасына қарай
В. ортасынан екі ұшына қарай
Е. басынан ұшына қарай
Д. ұшынан ортасына қарай
9. Әдіптің жалпақтығы неше см-ге дейін болады?
А. 1-2,5 см В. 2-3 см С. 3,5-5 см Д. 2,5-4 см
10. Матаның пайдалы қасиеттерін ата.
А.түсі В. сапасы
С. ауа, ылғал өткізгіштігі Д. қалың, жұқалығы
11. Матаның сәндік қасиеттерін ата.
А.түсі, созылмауы В. ауа өткізгіштігі
С. шаң өткізгіштігі Д. ылғал өткізгіштігі
12. Көйлектік маталарды ата.
А. барқыт В. сәтен, бөз
С. пүліш Д. драп
13. Адам денесіне аллергиялық әсер ететін маталарды ата
А. жібек В. мақта С.синтетикалық Д.зығыр
14. Сәннің неше түрі бар?
А. 3 түрі В. 4 түрі С. 5 түрі Д. 2 түрі
15. Көркемдік сәндеумен кімдер айналысады?
А. суретші-көркемдеушілер
В. көркемдеуші-инженер
С. эскиздеушілер, тігіншілер
Д. суретші-конструкторлар
16. Техникалық сәндеу нені көмегімен жасалады?
А. көркемдік әшекей С. эскиз, сурет, фото
В. фурнитура Д. аксессуар
17. Қас аруға лайық баскиім түрін ата
А. қасаба В. тақия С. қалпақ Д. бөрік
18. Сәукеленің басты құрамды бөлігін ата.
А. конус В. желек С. құлақбау Д. желкелік
19. Жапсырма үшін қандай маталар қажет?
А. жүн маталар В. жібек мата
С. жасанды мата Д. алтын, күміс мата
20. Ришельге (торлы тоқыма) нені көмегімен түсіріледі?
А. машинаның В. қол инесінің
С. баудың Д. біздің
21 Өсімдіктерді көркемдеп әшекейлеу қалай аталады?
А. фетодизайн В. дизайн
С. фитодизайн Д. фотодизайн
22. Үй жағдайында ергежейлі ағаш өсіру өнерінің ең ежелгі түрін көрсет:
А. иситзуки В. бонсай
С. жасанды бонсай Д. икебана
23. Жапондықтар икебана өнерін қалай атаған?
А. өлі гүл В. көп гүл
С. дара гүл Д. тірі гүл
24 Біздің елде өсетін гүлі хош иісті, гүлі 2 апта гүлдейтін сәндік бұта –
А. тобылғы В. сирень С. жидек Д. жыңғыл
25. Тамыры 30 метр тереңдікте 50 метр аумаққа созылып, жылына 2-3 рет гүлдейтін бұта –
А. жыңғыл В. ақжидек
С. тобылғы Д. сары қарағай

**Жауап парағы:**

| 6 СЫНЫП | | | | 7 СЫНЫП | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | I НҰСҚА | № | II НҰСҚА | № | I НҰСҚА | № | II НҰСҚА |
| 1 | А | 1 | В | 1 | С | 1 | А |
| 2 | Д | 2 | С | 2 | А | 2 | С |
| 3 | С | 3 | А | 3 | С | 3 | А |
| 4 | Д | 4 | В | 4 | В | 4 | С |
| 5 | А | 5 | А | 5 | Д | 5 | В |
| 6 | С | 6 | С | 6 | А | 6 | В |
| 7 | А | 7 | Д | 7 | В | 7 | С |
| 8 | В | 8 | В | 8 | Д | 8 | В |
| 9 | С | 9 | А | 9 | В | 9 | С |
| 10 | Д | 10 | С | 10 | С | 10 | С |
| 11 | А | 11 | В | 11 | А | 11 | А |
| 12 | С | 12 | А | 12 | А | 12 | В |
| 13 | А | 13 | Д | 13 | В | 13 | С |
| 14 | Д | 14 | С | 14 | С | 14 | Д |
| 15 | С | 15 | В | 15 | В | 15 | А |
| 16 | А | 16 | С | 16 | А | 16 | С |
| 17 | Д | 17 | А | 17 | Д | 17 | А |
| 18 | С | 18 | В | 18 | В | 18 | В |
| 19 | В | 19 | Д | 19 | С | 19 | Д |
| 20 | Д | 20 | А | 20 | А | 20 | А |
| 21 | А | 21 | С | 21 | С | 21 | С |
| 22 | Д | 22 | А | 22 | Д | 22 | В |
| 23 | В | 23 | Д | 23 | В | 23 | Д |
| 24 | С | 24 | В | 24 | А | 24 | В |
| 25 | А | 25 | А | 25 | В | 25 | А |

Б.Ғ. АЛТЫБАЕВ,
бейнелеу өнері және технология пәні мұғалімі
Қоскөл орта жалпы білім беретін мектебі

# Мерекелік және фуршет дастарқанын жасақтау

**Мақсаты:** оқушыларға мерекелік дастарқан жасау жайлы түсінік беру;

**Білімділік:** дастарқан жасауға байланысты атаулармен таныстыру;

**Дамытушылық:** оқушылардың дастарқан жасауға шеберліктерін дамыту;

**Тәрбиелік:** оқушылардың эстетикалық тағылымдарын арттыру.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу.

**Көрнекіліктер:** жасалған дастарқан слайдтары «Ас – адамның арқауы»

**Сабақ барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын тексеру.
3. Жаңа сабақ.
4. Сабақты бекіту.

Үйге тапсырма «Үгілмелі қамыр әзірлеу» және өз беттерімен өнімдер пісіріп әкелу. Дайындау барысын жазып келу.

***Қайталау сұрақтар.***

1. Үгілмелі қамырдың қандай түрлері болады?
2. Үгілмелі қамырдан қандаи тағамдар пісіреді?
3. Қамыр әзірлеудің қандай тәсілдері бар?
4. Тағам түрлеріне байланысты қамыр қалыңдығы қандай болады?
5. Жалын пештің температурасын қалай анықтайды?

Мына сөзжұмбақтың жауабын тапсаңдар, жаңа сабаққа байланысты сөз шығады.

**Сөзжұмбақ «Дастарқан».**

1. Орташа қою қамырдан пісірілетін өнім. (Оладий)
2. Өте күшті, жағымды иісі бар тағамға қосатын ұнтақ зат. (Ванилин)
3. Қамырға қосылатын сұйықтық. (Сүт)
4. Мал сүйегінен алынатын, мөлдір тағам желімі. (Желатин)
5. Сүт өнімі. (Айран)
6. Ұннан пісіретін кондитерлік өнім. (Пряник)
7. Тез пісетін нәрсе, қамырға қосылады. (Жұмыртқа)
8. Тағам пісір үшін рецептімен әзірленген нәрсе. (Қамыр)
9. Қамырдың негізгі шикізаты. (Ұн)

**Жаңа сабақ.**

Әр отбасында дастарқан жасалады. Мерекелік дастарқан жасақтаудың негізгі талабы – адамға ыңғайлы жағдай жасау. Қонақтар өзін еркін сезіну үшін дастарқан арасында орындықтар кеңінен орналастырылады.

Үстелге алдымен жұмсақ мата, үстіне жарғақ немесе жақсы үтіктелген, крахмалданған дастарқан төселеді. Дастарқанның ортаңғы сызығы үстелдің ортасымен өтуі керек. Дастарқан бұрыштары үстелдің аяғын 25 см шамасында жауып тұрады.

Үлкен жайпақ тәрелкелердің арақашықтығын бірдей етіп, үстелдің шетіне 4-5 см алысырақ қояды. Жайпақ тәрелкелердің үстіне суық дәмге арналған тәрелкелер, оң жағына пышақ, сол жағына шанышқы қояды. Балық тағамдары берілер болса, соған сәйкес аспаптар беріледі. Бакалдар мен фужерлер тәрелкенің алдына қойылады. Матадан әсемдеп оралған салфеткалар дәмдік тәрелкелердің үстіне салынады. Арнайы қондырғыдағы салынған салфеткалар үстелдің 2-3 жеріне қойылады. Үстелдің бір-біріне қарсы жақта ақ және қара нан тіліктері салынған ыдыстар орналасады.

Үстелдің ортасына гүл мен жеміс салынған сауыттар қойылады. Қалған бос орындарғы салқын дәмдер салынған салат салғыштар, тәрелкелер, ыдыстар, соус дәмдегіш салынған ыдыстар тұрады. Барлық дәмдерге ортақ аспаптар – қысқыштар, қасықтар, шанышқылар сусындар қойылады. Дастарқанға бірінші ыстық тамақ берер алдында суық дәмге арналған тәрелкелер мен аспаптар әкелінеді. Әркім өзінің тәрелкесіне салып алатын ортақ тағам отырған кісінің сол жағынан беріледі. Екінші тамақ тек терең тәрелкелер мен қасықтар жиналған соң ғана таратылады.

Дастарқанға десерт берілер алдында бокалдар мен фужерлерден басқа барлық тағамдар мен ыдыстар жинап алынады да, десерттік майда ұсақ тәрелкелер қойылады. Шай немесе кофе ыдыстары десерттік тәрелкелердің оң жағынан, оның жоғарғы кемері қатарына қойылады.

***Фуршет дастарқанның ыдыстары.***

Фуршет дастарқанын жасақтау шыны немесе хрусталь ыдыстарды қоюдан басталады. Фужерлерді үстелдің 2-3 жеріне топтап, 10-15 данадан қояды. Қасында шырын құйылған құты мен стақандар тұрады. Фужерлер арасына гүл сауыт пен жеміс сауыттарын да қоюға болады. Фуршет үстеліне топтап салқын дәмдік пен десерттік тәрелкелер дестесі қойылады. Салқын дәмдік тәрелкелерді үстел шетінен 2 см және одан әрі 0,8-1 м жерге қояды. Келесі дестеалдыңғысынан 1,5-2 м қашықтықта орналасады. Аспаптар да солай топталып жайғастырылады. Шанышқылар саны дестелердегі тәрелке санына сай. Ал пышақ саны екі есе кем болады. Салқын дәмдік тәрелкелердің оң жағына пышақтар, ал олардың жанына тістері тәрелкеге қаратылып шанышқылар шалқасынан қойылады. Бүктелген мата салфеткалар 3-5 данадан олардың жанына қойылады. Содан соң бөтелкедегі немесе құтыдағы сусындар қойылады. Фуршет үстеліне гүл, жеміс, сусындар орналасқан соң салқын дәмдер, соустар және нан әкеледі. Алдымен тағам салынған үлкен тәрелкелер, содан кейін кішіректері қойылады. Құтыдағы салат сауыттардағы дәмдерді ортаға қарай ал жайпақтау ыдыстардағы дәмдерді шетке таман қояды. Әр ыдыста тағам салатын аспап болуы керек.

**Мақал-мәтелдің жалғасын табу.**

*1. Арпа бидай ас екен,*
*(Алтын күміс тас екен).*
*2. Айран ішкен құтылады,*
*(Шелек жалаған тұтылады)*
*3. Ашта жеген құйқаны,*
*(Тоқта ұмытпа)*
*4. Еңбектің нәні тәтті,*
*(Жалқаудың жаны тәтті)*
*5. Еңбек қылсаң ерінбей,*
*(Тояды қарның тіленбей).*

Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақты бекіту.

1. Мерекелік және фуршет дастарқандарының өзара айырмашылығы неде?
2. Мерекелік дастарқанға тағам қандай кезекпен беріледі?
3. Мерекелік және фуршет дастарқандарының артықшылығы мен кемшіліктері неде?

**Үйге тапсырма.** Мерекелік дастарқан әзірленген схема, жоба әзірлеу.

# Мамандық таңдау – маңызды іс

**Жанат Аймұхамбетқызы ҚҰСАЙНОВА,**
№3 көп салалы мектеп-гимназиясының мұғалімі,
Өскемен қаласы

| Сабақ кезендері | Стратегиялар | Мұғалім іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру | Ассоциация | Амандасады.<br>Оқушылардың сабаққа дайындығын байқайды.<br>Оқушыларды түгендейді.<br>Кезекші тағайындайды. | Сәлемдеседі. Сабаққа қажетті құрал-жабдықтарын алып, сабаққа әзірленеді. Келмеген оқушыларды хабарлайды. |
| Қызығушылығын ояту | Венн диаграммасы | Оқушыларға алдын ала сұрақтар берілген, дайындалуға.<br>1. Адам – табиғат<br>2. Адам – техника<br>3. Адам – адам<br>4. Адам – сандық белгі<br>5. Адам – көркем образ<br>  | Дайындалған мағлұматтар бойынша топтасады. |
| Мағынаны ажырату | | Салыстыра күлтені толтыру.<br><br>Берілген күлте астында бұрыннан бар мамандықтар және жаңадан қосылып жатқан мамандықтар.<br>Осы мамандықтарды түсіндіре жарнама жасау. | Оқушылар өз ойларын жазады.<br><br>Әр топ жарнаманы қорғайды.<br>Оқушылар өз ойларын қағазға түсіріп, топта оқып, ең құндысын сыныпқа оқиды. |
| Ой-толғаныс | Эссе жазу | «Мамандық таңдау – маңызды іс».<br>Шақырылған мамандармен таныстыру. | Сұрақтар қою, пікір алмасу. |
| Қорытындылау | Шығу парағы<br><br>INSEPT стратегиясы | Бүгінгі сабақта нені үйрендім?<br>Мамандыққа байланысты көптеген мағлұматтар алдыңдар, сабақ пайдалы болды ма?<br>Баға қояды. Үйге тапсырма.<br>INSEPT кестесін толтыру. | Шығу парағын толтыру.<br>Сұраққа өз ойларын айту.<br>Мағлұматтар жинақтау. |

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға болашақ мамандықты айқын да сенімді таңдауына бағыт көрсетіледі. Нарық талабына байланысты еңбек рыногында ұдайы өзгеріп отыратын кәсіби талаптарды ескеріп, қызыққан мамандықтарын салыстару арқылы таңдауға бағыттала беретін білім мен дағдыны үйретіп, арттырады және жауапкершілікке, іскерлікке, еңбекті бағалай білуге, тәртіпке тәрбиеленеді.

**Көрнекіліктер:** мамандыққа байланысты ұлағатты сөздер, мақал-мәтелдер, кітаптар, журналдар, буклеттер.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақты меңгеру, топтық ізденіс сабағы.

**Сабақтың әдісі:** сын тұрғысынан ойлау жобасы негізінде жасалған.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

Сабақта қолданылатын сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының стратегиялары: топтастыру, ассоциация, галлереяны шарлау, шығу парағы.

# "Мамандығым – мақтанышым"

**9-сынып**

**Алмагүл Хамаридденқызы АБДРАХМАНОВА,**
№1 қазақ орта мектебінің технология
бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы

**Сабақтың мақсаты:** өткен сабақты қайталау арқылы оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс бағыт-бағдар беру және сабақты сайыс түрінде өткізу.

**Білімділік мақсаты:** өткен сабақты қайталау арқылы оқушыларға мамандық түрлерімен таныстыру;

**Дамытушылық мақсаты:** сайыс сабақ болғандықтан оқушыларға бірнеше сұрақтар қою арқылы мамандыққа баулу және өнерге қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту;

**Тәрбиелік мақсаты:** болашақ маман иелерін дұрыс таңдай білуге тәрбиелеу.

Сабақ 3 бөлімнен тұрады.

1-бөлім. Қайталау сабағы.

2-бөлім. Сайыс сабағы.

3-бөлім. Қорытынды сабақ.

**Пәнаралық байланыс:** математика, тарих, бейнелеу өнері, биология.

**Сабақтың құрал-жабдығы:** интерактивті тақта, қима қағаздар.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, сайыс өткізу, слайд көрсету.

**Сабақтың барысы:** 1 Ұйымдастыру кезеңі.

1-слайд. Сабақтың бірінші бөлімі.

2. Өткен сабақты қайталау. Бүгінгі сабақтың мақсатына жету үшін өткен сабақты еске түсірейік, ол үшін оқушы ойын дамытуда, есте сақтау қабілетін оятуда бірнеше сұрақтар қою.

2- слайд. Сұрақ түрлері.

3-слайд. Мамандық саралаудың шолу сызбасы.




4-слайд.

5-слайд.

6-слайд.

1. Мектеп бітірген соң қандай мамандықты таңдау керек?

2. Мамандықты қателеспей қалай таңдау керек?

3. Неліктен мамандықты таңдауға өте жауапкершілікпен қарау керек?

4. Кәсіби маман дегенді қалай түсінесің деген сұрақтарды қоя отырып, сабақты жалғастыру.

Әлемде мыңдаған мамандық түрлері бар. Осы мамандық түрлерін қалай таңдап, қалай білу керек деген сұрақтар кім-кімді болмасын мазалайды. Оған мына бір мысалды келтіруге болады. Мысалы, сен туғаннан бойында суретті жақсы салатын қабілетің бар. Осы қабілетіңмен сен ескенше, мектепті бітіргенше айналысасың. Мектепті бітірген соң, осы суретшілік өнеріңді жалғастырып, бір орында қозғалмайтын мекемеде жұмыс жасағың келеді делік. Бірақ сен оған үшін қай оқуға түсіп, оны бітірген соң қай мекемелерде сурет салумен айналысатын кәсіп бар екенін білмейсің. Сондықтан не істеу керек деген сұрақтар туындайды. Ол үшін мына төмендегі пирамида тәрізді сызылған, бес сатыдан тұратын мамандық саралаудың сызбасына көңіл аударайық. Сызба бес сатыдан тұрады, неге бесіншісі бос тұр деп те сұрақтар қойылуы мүмкін. Ол бесінші сатыға жету үшін алдыңдағы сатыларға сараптама беру керек. Ол сараптамалар төмендегі сызбаларда көрсетілген.

Сабақтың екінші бөлімі. Сайыс сабағы.

Сабақта оқушылардың білімін шыңдау мақсатында сайыс бірнеше бөлімнен тұрады.

8-слайд. Сайыс бағдарламасы.

1. Таныстыру.
2. Ширату сайысы.
3. Графикалық диктант сайысы.
4. Көрініс көрсету сайысы.
5. Сөзөрім сайысы.

9-слайд. Сайыстың бірінші кезеңі.

1. Таныстыру. 1-топ. Ұстаздар тобы.

12-слайд. Сайыстың екінші кезеңі.

2. Ширату сайысы. Бұл сайыста терезедегі ұяшықтарды таңдай отырып, ондағы жасырынған сұрақтарға жауап беріп, өздеріне ұпай жинау.

12-слайд. Терезедегі ұяшықтардағы сұрақтар.

1. «Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге.
Кетігін тап та, бар қалан!»
(Бұл қай ақынның өлең шумағы).

2. Ақылсыз адам айғайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді
.....(Мақалдың жалғасын тап)

3. Пысықтауыш сұрағына «Ы» әріпін қоссаң,
Металл болып шығамын.

4. Бірінші буыным сұрау есімдігі, екіншісі сан есім.
Қос буынды біріктірсең, шыға келем газға айналып.

5. «Көгінде күн нұрын төккен,
Жеріңде гүл жұпар сепкен,
(Өлең жолдарын жалғастыр)

6. «Өнерлі өрге жүзер» мақалының астарында не жатыр?

7. Еңбек туралы үш мақал айтыңыз.

8. «Көп» сөзінің антонимі мен тілсіз жауды тіркесең,
Көз алдыңда өзгеремін,
қажетті тыңайтқышқа айналып.

9. Ж. Молдағалиевтың мына өлең шумағы қай маман иесіне арналады?

«Анадай бесік тербеткен,
Түн қатып, сансыз дәптерге қанша түнейсің!
Суарып – білім шәрбатпен,
Дүниеде бізге жақсылық қана тілейсің!»

Сұрақтың жауаптары.

1. Абай Құнанбаевтың өлеңі.
2. Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.
3. Қалайы. 4. Не-он
5. Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем».
6. Өнерлі адам қашанда өзінің өнерін жоғары бағалайды. Себебі, өнер ешқашан да өлмейді. Қашанда өнерің өрге ассын десең, талаптанып, еңбектеніп, ізденіп жұмыс жасау қажет. Сонда ғана өнерің өрге басады.

7. «Еңбек етсең – ерінбей,
Тояды қарының тіленбей».
«Ер дәулеті еңбек.
Еңбегіне қарай өнбегі»

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мұғалімдер | 10 | 20 | 30 |
| Дәрігерлер | 10 | 20 | 30 |
| Дизайнерлер | 10 | 20 | 30 |

«Бейнет – бейнет түбі зейнет».

8. Азон 9. Ұстаз.

13-слайд. 3. Графикалық диктант сайысы.

Бұл сайыста әр топқа қағаз таратылады. Оқушылар 1-10-ға дейінгі сандарды қатарынан жазып шығады. Сұрақ оқығанда әр санның тұсына тиісті жауабын белгілейді. Егер жауап дұрыс болса «иә» деген жауапқа, яғни « » белгісін қояды, ал қате болса «жоқ» деген жауап беріледі, яғни «- -» белгісін қояды.

14-слайд. Сұрақтар

1. Мата талшықтан тұрады.
2. Костюмде пропорцияның рөлі ерекше.
3. Ет қамырына ашытқы қосады.
4. Мамандық таңдауда ата-анаңнан көмек сұрайсың.
5. Тұздық – жеке қолданатын тағам.
6. Ыстық тағамға – ет тағамдары жатады.
7. Дәрігер – медбибі фармацевт жұмыстарымен байланысты емес.
8. Дизайнер киім жасау үшін ең алдымен қағаз бетіне түсіреді.
9. Микроскоппен аспан әлемін зерттейді.
10. Қазақстанда Менделеев кестесіндегі элементтердің 90 % кездеседі.

4. Көрініс көрсету сайысы.

Бұл сайыста әр топ өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша шағын көрініс көрсетеді. Уақыт 1 минут.

5. Сөзөрім шешу сайысы (ребус).

Сабақтың үшінші бөлімі.

**Қорытынды сабақ.**

Сабағымды қорыта келе, оқушыларға қосымша сұрақтар қоя отырып, сабаққа белсене қатысып отырған оқушыларды бағалау. Сонымен қатар мына төмендегі кестеге талдау жасау. Мысалы, таңдаған мамандығына жету үшін мына сатылардан өту керектігіне талдау жасау.

15-слайд **Дұрыс жауап**

**Бағалау рейтингі.**

| Сұрақтар | Баға |
|---|---|
| 10-9 | "5" |
| 8-7 | "4" |
| 6 | "3" |

Сабақтың соңында әділқазылар алқасының шешімімен әр топтың сабақта көрсеткен өнерлерін бағалап, орындар тағайындау. Мадақтаулар тапсырылды.

# Табиғи материалдардан бұйымдар дайындау

**А.Қ. ҚЫЗЫЛҒҰЛ,**
Қызылорда облысы, Қазалы аудандық оқушылар үйінің үйірме жетекшісі

**Сабақтың мақсаты:**

а) Білімділігі: табиғи материалдардан әр түрлі бұйымдар, ойыншықтар, бейнелер жасап үйренуге баулу, табиғи материалдардың қасиетін меңгеру;

ә) Дамытушылығы: өз бетінше жұмыс жасауға, ізденуге, қызығушылығын дамытуға үйрету.

б) Тәрбиелігі: ұқыптылыққа үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, ұйымшылдыққпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Сабақтың әдісі:** сын тұрғысынан ойлау.

**Сабақтың көрнекілігі:** бүктемелер, табиғи материал түрлері, тірек сызбалар, үлгі суреттер.

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, еңбекке баулу, бейнелеу өнері.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Өткен сабақты қайталау.** Үй жұмысын тексеру, бағалау.

**III. Жаңа сабақ.**

1. Қызығушылығын ояту.

Табиғи материалдарға нелер жатады? Табиғи материалдарға талдың қабығы, бұтақтар, тал түбірі, құм, жапырақ, гүл күлтелері, кепкен жемістер, сабан және т.б. заттар жатады.

Әсем бұйымдар жасау үшін табиғи материалдардың қасиеттері және олармен жұмыс істеу тәсілдері жөнінде белгілі бір білім керек болады.

2. Мағынаны тану. Табиғи материалдардың түрлерін көрсетіп тұрып, олардың қасиеттеріне және қандай бұйымдар, ойыншықтар жасауға болатындығына тоқталамын.

Бұйымдар жасалатын негізгі табиғи материалдар

| Табиғи материал түрлері | Түрі-түсі, қасиеті | Не жасауға болады? |
|---|---|---|
| 1. Әр түрлі ағаш бұтақтары | Иілгіш | Қол, аяқ, мойын, жіңішке таяқшалар |
| 2. Қоға үлпілдегі | Жұмсақ, кесуге қолайлы | Қонжық, қоян |
| 3. Жер жаңғағы | Тесуге, кесуге оңай, жеңіл | Әр түрлі ойыншықтар, жәндіктер бейнесі |
| 4. Грек жаңғағы | Тең екі бөлікке бөлінеді | Аққу, тасбақа, балапан, қоңыз |
| 5. Әртүрлі орман жаңғақтары | Қатты, түстері әртүрлі | Ойыншықтардың басының бейнесі |
| 6. Шырша мен қарағай бүрлері | Жақсы желімделеді, пішіндері әртүрлі | Адамның, жан-жануарлардың кеудесін |
| 7. Қайың қабығы | Мықты, иілгіш, тығыз | Ойыншықтар |
| 8. Ағаш қабығы | Қалың, қатты | Тұғыр |
| 9. Мүк | Түстік фон, тез желімделеді | Әр түрлі тұқтерді |
| 10. Жапырақтар | Өте әсем, әртүрлі пішімде, түрлі-түсті | Көбелек пен құстар қанаты, балық, бақа табанын |
| 11. Құс қауырсыны | Жұмсақ, мамық | Құстар бейнесін |
| 12. Тұқымдар (ағаш, гүл, көкөніс, т.б.) | Пішіндері әр түрлі, түстері сан алуан | Қанаттар, ауыз, көз, құлақ |
| 13. Тамырлар | Жіңішке, жіпшелері көп | Өрмекшілер, сегізаяқтар |
| 14. Жүгері собығы | Тұқымы жоқ түрі | Жылқы, құстар |
| 15. Сабан | Желімделеді, боялады | Қуыршақтарға |
| 16. Теңіз бақалшақтары | Әдемі, мықты, пішіндері әр түрлі | Құлақ, қанат, жапырақ |

Табиғи материалдардан бұйымдар жасау үшін төмендегідей қосымша материалдар пайдаланамыз

| Қосымша материал | Түрлері | Қасиеті | Қолданылуы |
|---|---|---|---|
| Қағаз | Түрлі-түсті, көшірме, калька, обой, қатырма | Оңай кесіледі, желімделеді, бүктеледі | Әр түрлі бағыттарда |
| Фольга | Сары, ақ, жылтырақ | Оңай бүктеледі, жұқа, жеңіл | Сәндеу, безендіру |
| Ермексаз | Түрлі-түсті | Иілгіш, жұмсақ | Бекіту құралы |
| Сымдар | Мыс, аллюминий | Мықты, иілгіш, кесілгіш | Бекіту, мүсіндеу |
| Жіптер | №10 | Түрлі-түсті | Бекіту, сәндеу |
| Желімдер | Клей ПВА, БФ, Момент, қағаз желімдері | Мықты | Бекіту, жапсыру |
| Мата қиындылары | Әр түрлі | Сәнді | Безендіру |
| Тақтайшалар | Фанер, ДВП, ДСП | Бұйымдарды орналастыруға ыңғайлы | Тұғыр ретінде |

Табиғи материалдармен жұмыс жасауға арналған құрал-саймандарға тоқталайық

| Түрлері | Сипаттама |
|---|---|
| Біз | Жіңішке, тұтқасы 5 см, инесі 3-3,5 см. Мықты темірден жасалған. Тесу, белгілеу құралы |
| Қайшы | Ұштары жұмыр, балаға ыңғайлы болуы керек |
| Пышақ | Шағын, үшкір емес, кесетін бөлігі 13-15 см, Ірі тігін инесі |
| Ине | Сабағы мен арнайы матаға қадаулы |
| Қарындаш | Қарапайым, сызба орындауға арналған, 2М |
| Бояу түрлері | Гуашь, акварель, сәндеу үшін |
| Қылқаламдар | Бояуға, сәндеуге |
| Қысқыштар | Сымдарды бұрауға, қиюға |
| Лак түрлері | Жылтыратып сәндеуге |

Барлық жұмыс барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауымыз керек!

3.Топпен жұмыс. Оқушылар төрт топқа бөлінеді. Қолда бар материалдармен әр топқа тапсырмалар беріледі. Мысалы, тасбақа пішінін, бағдаршам, балапан қораз, қарапайым ойыншықтар бейнесін жасаймыз. Табиғи материалдардан бұйымдар дайындау үшін:

1.Жасалатын бұйым үлгісіне талдау жасау;

2.Жұмыс ретін ойластыру;

3.Құрамдас бөліктерді біріктіру және бекіту тәсілдерін таңдау;

4.Бұйымды дайындау сияқты жұмыс ретін түсіндіремін.

Әр топ жұмыстарын көрсетеді, салыстырады, бағалайды.

**IV. Сабақты қорытындылау.**

Табиғи материалдар қайдан алынады?

Қандай түрлерін білеміз?

Қандай бұйымдар жасауға болады?

Бөліктер қалай бекітіледі?

**V. Бағалау. VI. Үйге тапсырма.** Табиғи материалдарымен өз бетінше жұмыс жасау.

# БӘЙТЕРЕК – еліміздің мақтанышы

**Өрікбай КЕНЖЕБАЕВ,**
№20 С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі, Сайрам ауданы, ОҚО

**Сабақтың білімділік мақсаты:** оқушыларға Астана-Бәйтерек туралы толық мағлұмат беру. Бәйтерек макетін жасату арқылы олардың көркемдік-шығармашылық ойын қалыптастыру. ұлттық мақтаныш сезімін ояту, эстетикалық талғамын ұштау;

**Дамытушылық мақсаты:** оқушылардың жалпы іскерлігі мен іс-әрекетін, өнерге, әдемілікке, сұлулыққа қызығушылығын арттырып, тапсырманы тиянақты орындай отырып, еңбек ету және шығармашылық қабілетін дамыту;

**Тәрбиелік мақсаты:** оқушыларды өз елін, ұлттық қолөнерін қастерлеуге тәрбиелей отырып, шеберлікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас, сарамандық жұмыс

Сабақтың әдісі: топтық оқыту, сұрақ-жауап, түсіндіру, сарамандық жұмыс орындау.

Пәнаралық байланыс: тарих, математика, физика, геометрия, сызу, бейнелеу өнері.

Сабақтың көрнекілігі: Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» кітабы, Астана-Бәйтерек суреттері, плакат, нұсқау карта, үлгі.

Құрал-жабдықтар: қолшатыр сымдары, сызғыш, ара, жонғыш, қол бұрғы, тістеуік, шапқы, шаблон, темір қайшы, ағаш балға.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Жаңа сабақтың мазмұндық жоспары:

а) жаңа сабақтың тақырыбы;

ә) жаңа сабақты түсіндіру;

б) оқушыларға тапсырма беру, сарамандық жұмыс;

в) оқушы жұмысын бағалау, сабақты бекіту, қорыту.

**Жаңа сабақ.**

Оқушыларға Астана қаласы, Бәйтерек туралы оқып, зерттеп келу тапсырылған, олар интернеттен көптеген мәліметтер жинақтаған, сұрақ-жауап арқылы ойларын, білгендерін ортаға салды, өздерінің зерттеп, анықтап жазып келген рефераттарын қорғады, сабақ барысында Астана, Бәйтеректің тарихы туралы айтылды, осы мәліметтерді толықтыра келе, макеттің жасалу жолымен таныстырдым.

- Ал, оқушылар, біздің керемет, бүкіл әлем таңдана қараған Бәйтерегіміздің макетін жасау жолын үйренейік.

Ең бірінші Б көрінісін мұқият мән бере қарап отырып, ақ қағазға көрсетілген көлемі бойынша сызамыз да, ойылатын жерлерін, яғни терезелерінің орындарын оямыз. Толық көлемі шыққан соң, жұқа қаңылтырға дәл солай етіп көшіреміз. Қырларын шығару үшін ағаш балғамен соққылаймыз, соққылай отырып, тиісті ерлерін оямыз да, бір-біріне байланыстырамыз. А көрінісі бойынша d=20 ағашқа (8) түтікті бекітетіндей етіп, қол бұрғымен оямыз, ойылған жерге түтікті (7) енгізіп, төменгі жағын бекітеміз және дайын жұқа қаңылтырдың (6) төменгі жағын ағашқа бекітеміз, жоғарғы жағына пластмасса оқшаулағышты (5) орналастыра отырып, жұқа қаңылтырмен қолшатыр (3) темірін бір-біріне байланыстырамыз. Түтіктің гайкасын (4) қатайтып, түтіктің ішіне сымды (9) қоса жүргізе отырып, патронды, 12 V лампочканы (2), сәуле шашыратқышты (1) ретімен бекітеміз. Шыршаны безендіруге арналған лампочкаларды 12 V-қа есептеп, макеттің ішкі жағына ән шығаратынымен орналастырамыз. Ажыратқыш-қосқыш (10) арқылы 12 V ток көзіне (9) қосамыз. Безендірілген әр түрлі жарықпен әуенге бөленген Бәйтеректі көреміз. Бұны көрген оқушылардың қуанышында шек жоқ. Бұндай әсем де әдемі макетті жасауға оқушылар құлшына кірісері анық.

Өтілген сабақ бойынша сұрақ -жауап арқылы бекіту жұмысы жүргізіледі, екінші сабақта оқушылар өз қолдарымен Бәйтерек макетін жасап шығарады.

**"Бәйтерек" макетін жасау технологиясы**




| № | Жұмыстың орындалу реті | Қажетті құрал-саймандары |
|---|---|---|
| 1 | Сәуле шашыратқыш (флапон) | |
| 2 | Электр шамы 12V патрон, сым | сызғыш, қысқыш, бұрауыш |
| 3 | Қолшатыр темірлері | сызғыш,тістеуік, шапқы, шаблон |
| 4 | Гайка | тістеуік, кілт |
| 5 | Пластмасса оқшаулағыш | бұрғы, егеу, белгі салғыш |
| 6 | Жұқа қаңылтыр | темір қайшы, сызғыш, ағаш балға |
| 7 | Труба 25 d | сызғыш, темір ара, егеу |
| 8 | Ағаш 20-25 d | сызғыш, ара, жонғыш, қол бұрғы |
| 9 | Сым, 12V ток көзі | сызғыш, бұрауыш, тістеуік |
| 10 | Ажыратқыш | бұрауыш, тістеуік |

| № | Жұмыстың орындалу реті | Қажетті құрал-саймандары |
|---|---|---|
| 1 | Су тұратын тарелкалар диаметрлері –10 см, 15 см, 20 см, 25 см (4 дана) | сызғыш, қол бұрғы, егеу, зімпара қағаз |
| 2 | Тірек түтік (3 дана) | сызғыш, темір ара, егеу, қысқыш |
| 3 | Түтік 30 см | сызғыш, қысқыш, кілт |
| 4 | Су жүретін шланга 2 дана 50 см х2 | сызғыш, қысқыш, бұрауыш, қайшы |
| 5 | Су тұратын ыдыс | қол бұрғы, қысқыш, кілт, егеу, бұрауыш |
| 6 | Су насосы ВАЗ-06 ІЭНЦ 2,5-12 (Әйнек тазартатын) | қол бұрғы, қысқыш, кілт егеу, бұрауыш |




# Мамандық таңдау

**Серік ШЕБЕКОВ,**
Сарыбұлақ орта мектебінің мұғалімі.
Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы

Бүгінгі таңда елімізде нарықтық өндірістің нық орнығуына сай жас ұрпақты кәсіпшілдіктің жаңа түрлеріне бейімдеп, кәсіби тұрғыдан әлеуметтендіру, уақыт сұранысына сай кәсіп игертуге бағыт-бағдар беру, дұрыс жол көрсету қатаң талап етілуде.

Жас ұрпақты кәсіпшілдікке бейімдеу жеке құрылым, белгілі бір жүйе түрінде көрінгенімен, ол жас ұрпақты еңбекке даярлау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және еңбекке даярлау жүйесі өте күрделі құрылым. Оның құрылымына мектеп ұжымы, басқару және оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, еңбек пәні сабағының мұғалімдері, өндірістік оқыту шеберлері, еңбек сабағына тартылған оқушылар контингенті, күнделікті міндеттері, еңбек пәндері кәсіптік бастауыш немесе орта кәсіптік білім беруге арналған оқу бағдарламалары, әдістемелік жинақтар, еңбекке даярлау құралдары, сабақтан тыс жүргізілетін еңбекке баулу үрдістері, әр түрлі үйірмелер мен факультативтік жұмыстары, қоғамдық белсенді еңбекке жұмылдыру іс шаралары т.с.с кіреді. Соның дәлелі ретінде мамандық таңдауға байланысты өтілген ашық сабағымды ұсынып отырмын.

**Сабақтың мақсаты:**

1) Мамандық таңдаудың қыр-сырларын меңгерту;

2) Өз қалаулары бойынша мамандықты дұрыс таңдай білуге баулу, білім беру жүйесінде мамандық таңдау дағдыларын жетілдіру;

3) Елімізге өз үлесін қоса біліетін адал маман иесі болуға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: сурет, сызба, буклеттер.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілі: сұралым, жазылым, тыңдалым, баяндау, талдау.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, сурет пәндері.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1) Еңбекті қорғауға кіретін мәселелерді сызба бойынша сұрау.

1. _____. 2. _____

2)

3) «Шеберханадағы ауаның маңызы» тақырыпшасы ауызша сұралды.

III. Үй тапсырмасын қорыту.

Әр сабақта оқу шеберханасында қауіпсіздік техникасын сақтау талаптарын сақтауды әр кез естен шығармайық.

IV. Жаңа сабақ. Адам өз өмірінің негізгі бөлігін кәсіптік қызметпен айналысуға жұмсайды. Адамның тағдыры оның қандай мамандықты таңдағанына тікелей байланысты болады. Мамандық таңдау – қиын міндет.

1) Мамандық таңдаудағы сенің ойың қандай? (Сұралым).

2) Сызба бойынша ой бөлісу.

3) Ауыл шаруашылығы өндірісі бойынша бөлінетін салалар туралы балалар ауызша пікір алысады.

а) Киім тігу ә) Тағам өзірлеу

б) Металл өңдеу в) Ағаш өңдеу

4) Мамандық таңдау үшін

Үйірмелер.

Факультативтік сабақтар.

Оқу-өндірістік комбинаттар.

Үнемі жұмыс істеу керек. Осы өндірістік жағдайлардың үлгісімен мұғалім өзі таныстырып өтеді. Сабақ барысында әр түрлі өндірістік жағдайлардың үлгісімен танысып, тәртіпке, жауапкершілікке, қарым-қатынас жасауға іскерлікке үйренеді.

6) Дәптермен жұмыс. (Жазылым).

Мамандық таңдау кезінде кімнің ойына сүйенесің?
а) Өз таңдауыма

5)

| Мамандықты сүйікті пәнімен шатастыру | Мамандық таңдау кезіндегі жіберілетін қателіктер | Таңдаған мамандығың жөнінде мәліметті білмеу |
|---|---|---|

ә) Ата-анамның таңдауына.
б) Құрдастарымның таңдауына.

V. Жаңа сабақты қорыту. Өз ойың, өз пікірің, өз тұжырымың, өз денсаулығың, өз ақылың, өз таңдауың ғана дұрыс маман иесі болуға жетелейді

VI. Жаңа сабақты бекіту.

Өз мемлекетіңнің адал маманы болуға талпын

VII. Бағалау. Жаңа сабаққа атсалысқан, өз ойын жеткізе білген оқушыларды ерекше мадақтап, бағалау.

VIII. Үйге тапсырма. «Менің мандығым» шығарма

# Құранды ер

**А. АУБАКИРОВ,**
М.В. Ломоносов атындағы орта мектебінің технология пәні мұғалімі,
Шалқар ауылы, Қарасай ауданы, Алматы облысы

**Мақсаты:**

- құранды ердің түрлерімен және құрылымымен таныстыру; ердің безендірілуі, ерді жасаудың технологиясымен таныстыру;
- оқушылардың танымдық әрекеттерін арттыру, арнаулы құрал-жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- оқушыларда жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру және өз бетімен жұмыс істеу қасиеттерін тәрбиелеу

Көрнекілік: ердің моделі, суреті, құрылымы, технологиялық карта

Әдістері: көшпенділердің тұрмысымен таныстыру (әңгімелеу); ердің құрылымымен таныстыру (дәріс); технологиялық карта жасау (конспект жазу), ізденіс, өз бетімен жұмыс істеу.

Сабақтың түрі: аралас, саламандық.

Сабақ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Ердің түрлері:
- «Үйрек бас ер»
- «Шошақ бас ер»
- «Қазақ ері»
- «Құранды ер» ( Қоқан ері)
- «Қазық бас ер»

Ердің құрылымы (1-сурет).
А - керсін
Б - ершік – орта ағаш
В - оқпан
Г - қапталдары
Д - құйысқан шығыршығы
Е - қанжыға бау
Ж - үзеңгі бау көзі
З - өмілдірік шығыршығы
И - қоспа
К - шығыршық
Л - шоқтық

Ердің соқа басы (2-сурет).
1 - баспа (керсіннің баспасы)
2, 2* - артқы қондырмалар
3, 3* - қондырма қанаттары
4, 4* - қапталдар
5, 5* - тіреуіштер
6, 6* - орта ағаш (орта ағаш құйрығы)
7 - желкебасар
8, 8* - кепіл ағаш
9, 9* - баспа ( ақпанның баспасы)
10 - қастық айыр басы
11, 11 * - ұзынша қоспа ағаштар
12 - тықпа кепіл ағаш
13, 13* - қастың оң жақ және сол беті
14, 14* - жанама толықтырмалар

Ердің безендірілуі және дизайн

Қойылатын талаптар
• сүйегі өте жеңіл болу керек
• сырты тым сыпайы болу керек, атқа қонымды тұрақты (аттың арқасын қажамау керек )
• адамға жайлы, әдемі, жеңіл

Дайын ердің безендірілуі:
• қара былғарымен қапталады
• сүйекпен жақтау
• жасыл былғарымен безендіріледі
• қара темірге күміс қақтау, жалату
• күміс бүркеншекті шеге (сіңірленген ер көнделмейді, көнделген ер сіңірленбейді)
• тоздау, сіңірлеу
• әр түрлі түспен бояу
• лақтау (2,3-суреттер)

3. Саламандық жұмыс.

1. Жұмыс орнының ұйымдастырылуын және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауын тексеру.

2. Жұмысты жасау ретінің сақталуын және дұрыс орындалуын тексеру.

3. Жұмыстың аяқталуын тексеру.

4. Қорытындылау. Бағалау.




3-сурет

1-сурет

2-сурет

# Электр келісін жасау

**Тоғайбай ҚАЗИЕВ,**
№28 орта мектептің мұғалімі.
**Бақтыбай МЫРЗАЕВ,** 9 сынып оқушысы,
Ақтау қаласы

**Жадығаттың паспорты.**

Жадығаттың атауы: Электр тоғымен жұмыс жасайтын келі.

Секцияның аты: жас техник

Жадығат: темір, ағаш, қағаз, тоқ жабдықтары және т.б. құралдар қолданылды.

**Мақсаты:** салт-дәстүрімізге байланысты ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту, жаңа техниканы тұрмысқа енгізу.

**Келі-келсаптың қолданылатын орындары**

Келі мен келсап – тары, бидай тағы басқа дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған құрал. Келінің биіктігі 50-60 см жуан берене ағаштың ортасын 30-35 см тереңдікте ойып жасайды. Ағаш келінің түрі болады: тақта келі, шұңғыл келі. Шұңғыл келі тарыны қара аумақтауға пайдаланылса, тақта келі жармалап ұнтақтауға қолданылады. Тақта келінің түбі тегістеу келеді де, келсап дәл тиіп, дәнді майдалауға, ұнтақтауға қолайлы болады. Сондай-ақ тары, бидай, жүгері талқандауға пайдаланылады. Келінің түйгіш ағашын келсап деп атайды. Келсаптың келіні түйгіштейтін басы салмақты етіп жасалып, қолға ұстайтын жерінен тұтқа шығарылады. Келсап ұзындығы 1,2-1,3 метр жуан ағаш. Халық тұрмысында келінің жер келі (келі орнына уақытша пайдаланылатын шұңқыр), тас келі (келсабын ағаштан жасаған келі), ағаш (жуан ағаштан ойылып жасалады) түрлері кездеседі. Қазақ ұсталары келіні тұтас ағаш кесіндісінен үңгіп жасайды. Келі мен келсапты жасау үшін көбінесе ағаштың қатты түрлерін – қарағашты, қайыңды қолданады. Қазақстанның барлық өңірлерінде біркелкі етіп жасалғанын аңғаруға болады. Тек Ертіс бойындағы келі мен келсаптың келісі биіктеу келеді. Сол сияқты Оңтүстік өңірінде құрама келілер көп кездеседі. Бұл өңірде ағаш тұтас кездеспейтіндіктен, екі, не үш ағаш кесіндісін қиылыстырып, түйе терісімен тартып қаптап тастайды. Келінің темірден жасалған түрін темір келі деп атайды. Келіні шеберлер мықты әрі жарылмай көп жылға шыдауы үшін қызған тандыр ішінде ыстық қозға қаптап алып, оның ішіне, сыртына қойдың құйрық майын, не түйенің қомының майын сіңіреді. Келі жарылып кетпес үшін оның иінін түйенің иленбеген шикі терісімен қаптайды. Шикі тері кепкен кезде тартылады да, келіні қатты қысып қалады. Келіні сыртын қайыспен ысып жылтыратып қояды.

**Электр келісін жасау.** Біз бұдан бұрын ағаш келі-келсаптың жасалу әдісін үйрендік, оның тарихи маңызы, өткен заманда ата-бабамыздың өмір сүрген кездегі тұрмысқа өте қажетті құрал бұйым болғанын баяндадық. Бұл келі-келсап әр бір ауылдағы қазақ үйінің ажырамас ұлттық бұйымы. Бірақ, тарыны,бидайды құырып адамға тағам болғанша бір талай ауыр еңбекті талап етеді. Уақыт көп кетеді. Сол негізде еңбекті жеңілдету үшін электр тоғымен жұмыс жасайтын келіні ойлап табу қажет болды. Электр келісі қарапайым, құрылысы күрделі емес. Солай болса да электр тоғының күшімен қуырылған тарының, бидайдың, жүгерінің көп мөлшерін, аз уақыт ішінде дайындауға болады. Кететін еңбек үш есе азаяды. Электр келісі:

1) Электр қозғалтқышынан
2) Шелекшеден (қақпағымен)
3) Ажыратқыштан
4) Пропеллерден
5) Астына орнатылатын тақтайшадан
6) Электр өткізгішінен тұрады

Келіні жасау үшін тақтайшаны алып (42х18 см) үстіне двигательді орналастыру үшін орнын белгілейміз. Себебі электр двигателі тақтайшаның үстіне нық орнатылуы тиіс. Тақтайшаға двигательді орналастырып білікке кастрюльді орналастыру үшін оның түбін дәл орната тесеміз. Тесілген жерінен кастрюльді білікке орнатамыз. Тесілген жерге кастрюл мен двигательдің мойнының арасына резинадан дөңгелетіп қойып орналастырамыз. Себебі уатылған дән двигательдің үстіне түспеуі керек. Айналмалы біліктің басына пропеллерді орнатамыз. Бәрін дұрыстап бекітіп қақпағын жабамыз. Кейін ажыратқышты тақтайшаның бір қапталына орнатамыз.

Осымен қарапайым электр келісі дайын болады. Тарыны тазалаған кезде, ағаштан жасалған келі-келсапқа қарағанда белгілі бір уақыт мөлшері 60-90 секунд болуы тиіс. Егер уақыт ескерілмесе тарыны бидайды, жүгеріні шамадан тыс майдалап жібереді.

**Электр келісімен жұмыс жасаған кезде сақталатын қауіпсіздік ережелері:**

1) 220 Вольт ток кернеуін пайдалану керек.
2) Электр келісін тек қана тарыны, бидайды, жүгеріні белгілі бір мөлшерде салып қақпағын мықтап жапқаннан кейін іске қосу қажет.
3) Ылғал қолмен қосуға не ажыратуға рұқсат етілмейді.
4) Тазартатын бидай, тары, жүгеріні міндетті түрде пропеллердің орналасқан деңгейінен аз болмауы тиіс.
5) Электр келісін қосқан кезде ынтаны басқа жаққа аудармау керек.
6) Электр келісін жұмыстан кейін суытып, оны тазалап қою керек.
5) Электр келісін жасау технологиясы (Нұсқау карта)

**Керекті құрал-жабдықтар:**

1. Электр двитателі – 220 В
2. Қосқыш
3. Кастрюль немесе шелекше
4. Астыңғы тақтайша
5. Электр провод 2,3 м
6. Пропеллер (дәнді түйетін)

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қасиманов С. Қазақ қолөнері. 1969
2. Қазақтың қолданбалы өнері.
3. "Мектептегі технология". 2007, №3, 4, 5. 2008. №6,7,8.
4. Маңғыстау энциклопедиясы.

Электр келісінің схемасы

**Электр келісінің жасау технологиясы, нұсқау карта**

| | Жұмыстың аты | Қажет құрал-саймандар | Материал саны | Шикізат | Жұмыстың сызбасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | Электр келісінің негізгі бөліктерін дайындау. | Отвертка, плоскогубцы, оқшаулағыш таспа (изолента), кілттер. | | Электр двигателі 0,75 ватт | |
| | Подставкаға двигательді орналастыру | Ара, сүргі, бұрғы, балға, кілт, өлшеуіш. | | Ағаш тақтай. 42-18 см | |
| | Дән түйгіш науашасын (кастрюлді) орналастыру. | Кілт. бұрғы, отвертка, резина, пластина. | | Кастрюл немесе (шелекше) қақпақ. | |
| | Пропеллерді айналмалы оське бекіту | Кілттер. бұранда. егеу, өлшеуіш құралдары. | | Втулька. 2 дана металл пластинка. | |
| | Пускатель (ажыратқышты) тақтайшаға бекіту. | Бұранда, шегелер, бұрауыш (отвертка), қысқыш. | | Включатель. 2 контактілі пускатель | |
| | Электр келісін құрастыру жұмыстары. | Электрпроводы 3 метр, вилка, оқшаулағыш таспа. отвертка. | | Двигатель пускатель (включатель шелекше) пропеллер. | |
| | Бұйымды әрлеу жұмыстары. | Күйдіргіш құрал, сыр олиф майы. | | Сыр, бояу, олиф майы. | |

# Технология пәні мұғалімдеріне пайдалы кеңестер

**Лимар ЗАЙТҚАЛИҰЛЫ,** №9 жалпы білім беретін мектебі, Орал қаласы

1. Ағаш бетіне бедер ою сабақтарын өткен кезде оқушының жаттығу жұмыстарына мөлшерде ағаштың жұмсақ түрлері қажет. Оларды пайдаланғаннан кейін қайталай пайдалану мүмкін емес. Себебі сүргілеу станогында қайта сүрплеуге ағаштың көлемі өте кішкене. Егер мына көрсетілген жабдықты пайдаланса бұл кемшілікті жоюға болады. Көлемі кішкене. бір рет пайдаланылған. яғни бетіне бедер ойылған ағашты қайта сүрлеуге болады. Ол үшін ағашты (4) корпустың (1) астына салып сүргілеу станогының бетімен екі тұтқадан (2) ұстап жылжытамыз. Сүргіленетін ағаш (4) жылжып кетпес үшін қатты ағашпен (емен, бук) жасалған тірек (3) корпусқа (1) желім және ағаш шегелермен бекітілген. Тұтқаларды қолға ыңғайлы етіп СТД-120 станогында жонып алуға болады. Бұл жабдықтың көмегімен көлемі кішкене ағаш бөліктерін станокта сүргілеуге болады.

2. Мектеп шеберханасында көп мөлшерде темір бөліктерін кесуге тура келеді. Оған ара, шапқы сияқты құралдар пайдаланылып жүр. Соңғы уақытта «Болгарка» құралын пайдалануда. Осы «Болгарка» құралының кескіш дискісін ағаш кесетін станокқа орнатса. темір кесетін станокқа айналдыруға болады. Ол үшін станоктың білігінің диаметріне сәйкес келетін кескіш диск орнату керек.

Бұл жабдықтың ерекшелігі орнықты. қауіпсіз.

**Қауіпсіздік шарасы:** бетке мөлдір маска, қолға қолғап кию қажет.

3. Технология пәні бағдарламасында желімдеуге арналған жұмыстар бар. Бұл жұмыстарға түрлі жабдықтар пайдаланылады (арнайы қысқыштар, пресс, т.б.) Осылардың қатарында өте қарапайым жабдық автомобиль камерасынан қиып алынған ені 1-3 см ұзын кесінді қысқыш (жгут).

Бұл кесінді қысқыш (жгут) көмегімен кез келген көлемдегі заттарды желімдеп ұзақ уақытқа қысып қоюға болады.



# САНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

**Сейітұлы ҚАЛЫҒҰЛ,**
Береке орта мектебі,
Алматы облысы, Балқаш ауданы,

**Сабақтың тақырыбы:**

«Үйеңкі ағашынан жүкаяқтың аяғын жасау» технологиясы.

**Сабақтың мақсаты:** жұмырлап ою арқылы өнер туындысын жасау.

1. Білімділік: Жетісу өңірінде өсетін ағаш түрлері, қолданылуы, ұлттық өнермен таныса отырып, жүкаяқтың қажеттілігін білдіру;

2. Дамытушылық: оқушының кәсіптік бейімділігін, шығармашылық шеберлігін, еңбек іскерлігін, икемділігін дамыту;

3.Тәрбиелік: ұлттық қолөнерді үйрету, эстетикалық талғамын ұштау.

Сабақтың көрнекілігі: А.Нәлібаев «Ағаш ою», технологиясы нұсқау карталар жасалған дайын бұйымдар, құрал-саймандар, станок СТД-120М, қашау, түрпі, т.б.

Пәнаралық байланыс: география, сурет, сызу, математика.

Сабақтың түрі: сарамандық және теориялық.

Сабақтың барысы.

1.Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгендеп, олардың арнайы киіміне көңіл бөлу, құрал-жабдық, станок, жұмыс орнын дайындау.

2.Үй тапсырмасын тексеру. Өткен тақырыпты оқушылар қаншалықты меңгергенін тест арқылы тексере отырып, сұрақ арқылы жауап алу.

1. Бедерлеп ою дегеніміз не?
2. Жұмырлап оюды қалай түсінесің?
3. Ағаш өнерінің түрлерін ата?
4. Технология пәні нені оқытады?
5. Қатты ағашты тап?
6. Ағаш өңдеу станогында қолданылатын құрал?
7. Жұқа металды қандай құралмен түзетуге болады?
8. Машина жасауда қолданылатын болат түрі қандай?

II. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгінгі сабақта ағаш және ағаш өңдеу өнері туралы әңгімелейміз.

Қазақ халқы – кең байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы ел.

Қазіргі уақытта революцияға дейінгі қазақ халқының қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыдан зерттеудің өмірлік тәжірибе үшін маңызы зор. Өйткені қазақтың қолөнері жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салалардың бірі.

Қай халық болсын дүниежүзілік мәдениет қорына өз үлесін қоса алады. Олай болса, қазақ халқының да ұлттық мәдениеті, оның ішінде қолөнер шеберлерінің өнері – жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Қазақ халқының өмірінде ағаштан жасалатын үй бұйымдарының үлесі зор. Олар бірнеше түрге бөлінеді.

Киіз үй сүйегі: шаңырақ, уық, кереге, т.б.

Ағаш үй жабдықтары: асадал, кебеже, келі-келсап, т.б.

Үй жиһаздары: сандық, ағаш төсек, ағаш жастық, жүкаяқ, ер-тұрман сүйегі, т.б.

Үйеңкі ағашының Жетісу жерінде 8 түрі өседі. Ол өсімтал ағаш. Көктем кезінде бұтақтарын кесіп алсақ, күз кезінде жаңа бұтақтар өсіп шығады. Ағаш шеберлері осы ағаш түрінен үй жиһаздарының әр түрлісін жасайды. Ағаш қасиеті көркемдеуге, жұмырлап оюға көнгіш ағаш. Осы ағаштан бұйым жасаған кезде оқушылардың еңбекке деген ынта, іскерлік, шеберлік, қызығушылығын тудырады. Ағаш өнеріне кіріспес бұрын халық өнеріне тоқтала кетейік.

Халық өнері – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық өнерінің сарқылмас көзі, халық мәдениетінің айнасы.

Ағаш өнері оймашы, балташы, тоқушы болып бөлінеді. Ал, ұсталар айналысатын кәсіп темір ұстасы, ағаш ұстасы деп бөлінеді. Халық шеберлері – екі өнерді бөлмей, екеуін де жете меңгерген. Жетісу өңірінің ағаш шеберлері өздеріне керекті ағаш түрлерін, қасиетін анықтап алып, ағаш тығыздығын, жұмсақ, қаттылығын таңдап, көркем бұйымдар жасаған. Жұмырлап ою деп мөлтек ағаштан тұтас шабылатын немесе станокта жонылатын бұйымдарды жасау тәсілін айтамыз.

Міне, балалар, бүгінгі сабақта жұмырлап ою арқылы, үйеңкі ағашынан станок арқылы жүкаяққа аяқ жонамыз. Ең бастысы, бұйымды жасауды техникалық карта арқылы меңгереміз.

**Жүкаяқ**

Жүкаяқтың аяғын жасауға арналған сызбалар.

Құрал-сайман мен жұмыс кезінде негізгі қауіпсіздік ережесін қатаң сақтаймыз.

III. Сарамандық жұмыс ұйымдастыр:

а) Оқушыларға жалпы тапсырма беру;

б) СТД-120 М станогымен жұмыс істеу;

в)Жүкаяқ жону барысында оқушылардың шеберлігін, шығармашылық қабілетін анықтау.

IV. Сабақты қорытындылау:

1) Әр оқушы өздері жасаған жұмысы арқылы жұмырлап ойылған бұйымдарына талдау жасайды.

2) Жұмыс барысында қандай құрал-сайман пайдаланғанын айту, өздері істеген жұмысын қорғау.

3) Бағалау.

4) Үйге тапсырма.

нарығында адамның оқумен, белгілі бір білімдермен және дағдылармен бекіген қабілеті жоғары бағаланады. Өз жұмысы үшін ол жалақы алады. Бірақ сол бір жалақы деген сөзді қолданғанымен, нарықта жұмысшыларды еңбегі үшін ақшалай марапаттаудың түрлі тәсілдері бар.

Бірінші және ең бастысы – негізгі жалақы.

Жалақы – **жұмысшыға қандай да бір жұмысты орындауға уақытын, күш-қуатын және біліктілігін жұмсағаны үшін төленетін ақы.**

Ол жұмысшыға егер өзіне тапсырылған міндеттерді толығымен орындаса ғана беріледі. Ал жұмысшыға заңсыз негізде жалақысын бермесе, онда ол жұмыс берушіні сотқа беруге құқы бар.

Негізгі жалақы – өз міндеттерін стандартты еңбек жағдайында және стандартты сапалы орындағаны үшін жұмыс берушіден алатын ақша жиынтығы.

Стандартты еңбек жағдайы деген не?

Бұл жұмысшы жұмыс орнында бір күнде неше сағат болу керектігін білдіреді. Жұмыс күнінің ұзақтығы әр елде әр түрлі. Мысалы, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Англияда жұмыс күнінің ұзақтығы 14 сағат болды, яғни таң атқаннан күн батқанға дейін болды. Бұл адамның денсаулығы үшін тиімсіз болды.

Жұмыс күнінің ұзақтығы қысқартылғаннан кейін кәсіпорын иелері жұмысшыларын еңбекке тарту үшін басқа тәсіл ойлап шығарды, яғни жұмыс уақыты біткеннен кейін жоғары ақы төлеу арқылы жұмысқа тарту. Осылайша жаңа форма мерзімді уақыттан тыс жұмысқа ақы төлеу болды, яғни стандартты жұмыс уақытынан тыс. Мысалы, қазір жұмыстан кейінгі алғашқы екі сағат үшін 1,5 есе төлесе, одан кейінгі сағаттар әдеттегіден 2 есе артық төленеді.

